

Ма қ ұ л д а н д ы

"Халық-Life" АҚ

Басқармасының шешімімен
(2020 жылғы 12 қарашадағы
отырыстың № 84 хаттамасы)

Б е к і т і л д і

"Халық-Life" АҚ

Директорлар кеңесінің шешімімен
(Директорлар кеңесі мүшелерінің 2020
жылғы 18 қарашадағы сырттай дауыс
беру жөніндегі № 56 хаттамасы)

**Пайдаға қатысумен өмірді аралас сақтандыру
ҚАҒИДАСЫ
(қосымша өтемі бар)
(«Life-Инвест+» сақтандыру бағдарламасы)**

Алматы

2020

Құжаттың мазмұны

1-бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ.....	6
1-тарау. МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ САЛАСЫ	6
2-тарау. ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР	6
2-бөлім. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	10
3-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ МӘНІ	10
4-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ.....	10
5-тарау. МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕКСЕРУ	11
6-тарау. САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ СӘЙКЕС ЖАСАЛАТЫН САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	12
3-бөлім. ПАЙДАҒА ҚАТЫСУМЕН ӨМІРДІ АРАЛАС САҚТАНДЫРУ	14
7-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ	14
8-тарау. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	14
9-тарау. ПАЙДАҒА ҚАТЫСУ	16
10-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ АРҚЫЛЫ ҚОРҒАУДЫҢ ӘРЕКЕТІ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ	17
11-тарау. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ.....	18
12-тарау. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ (САҚТАНДЫРУ ЖАРНАЛАРЫНЫҢ) МӨЛШЕРІ, ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ.....	18
13-тарау. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫНЫҢ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ (САҚТАНДЫРУ ЖАРНАЛАРЫНЫҢ) МӨЛШЕРІН ИНДЕКСТЕУ	19
14-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАРНАСЫН ТӨЛЕУ МЕРЗІМІН КЕШІКТІРУ	20
15-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ӘРЕКЕТІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ	21
16-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ТОҚТАТУ	22
17-тарау. ҚАРЫЗ АЛУ	23
18-тарау. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІ	24
19-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ, САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ	25
20-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ.....	26
21-тарау. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ.....	28
22-тарау. САҚТАНУШЫНЫ АУЫСТЫРУ	29
23-тарау. САҚТАНДЫРЫЛУШЫ	29

24-тарау. ПАЙДА АЛУШЫ	29
25-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ.....	30
26-тарау. САҚТАНУШЫНЫҢ ОРНАЛАСҚАН НЕМЕСЕ ТҮРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРІНІҢ ӨЗГЕРУІ.....	31
4-бөлім. ЖАЗАТАЙЫМ ЖАҒДАЙ НӘТИЖЕСІНДЕ САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫҢ ҚАЙТЫС БОЛУЫ ЖАҒДАЙЫНДА САҚТАНДЫРУ	32
27-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІ.....	32
28-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНА ЖАТПАЙТЫН ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕЙТІН ЖАҒДАЙЛАР.....	32
29-тарау. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫНЫҢ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІ.....	32
30-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ.....	33
5-бөлім. ЖАЗАТАЙЫМ ЖАҒДАЙ НӘТИЖЕСІНДЕ САҚТАНДЫРЫЛУШЫҒА МҮГЕДЕКТІК БЕЛГІЛЕНГЕН ЖАҒДАЙДА САҚТАНДЫРУ	33
31-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІ.....	33
32-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНА ЖАТПАЙТЫН ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕЙТІН ЖАҒДАЙЛАР.....	34
33-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ.....	34
34-тарау. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫНЫҢ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ.	36
6-бөлім. САҚТАНДЫРЫЛУШЫҒА ДЕНЕ ЖАРАҚАТЫНЫҢ КЕЛТІРІЛУІН АЛЫП КЕЛГЕН ЖАЗАТАЙЫМ ЖАҒДАЙДАН САҚТАНДЫРУ	37
35-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІ.....	37
36-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНА ЖАТПАЙТЫН ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕЙТІН ЖАҒДАЙЛАР.....	37
37-тарау. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫНЫҢ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІ.....	38
38-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ (ПАЙДА АЛУШЫНЫҢ) ӘРЕКЕТТЕРІ ЖӘНЕ ТАРАПТАРДЫҢ ӨЗАРА ҚАТЫНАСТАРЫНА ҚАТЫСТЫ ӨЗГЕ ДЕ ЕРЕЖЕ	39
39-тарау. ПАЙДА АЛУШЫ	40
7-бөлім. САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫҢ УАҚЫТША ЕҢБЕККЕ ЖАРАМСЫЗДЫҒЫНА АЛЫП КЕЛГЕН ЖАЗАТАЙЫМ ЖАҒДАЙДАН САҚТАНДЫРУ	40
40-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ	40

41-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНА ЖАТПАЙТЫН ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕЙТІН ЖАҒДАЙЛАР	40
42-тарау. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫНЫҢ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ	41
43-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ.....	41
44-тарау. ПАЙДА АЛУШЫ	43
8-бөлім. САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫҢ АУРУХАНАҒА ЖАТҚЫЗЫЛУЫНА АЛЫП КЕЛГЕН ЖАЗАТАЙЫМ ЖАҒДАЙДАН САҚТАНДЫРУ	43
45-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ	43
46-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНА ЖАТПАЙТЫН ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕЙТІН ЖАҒДАЙЛАР.....	43
47-тарау. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫНЫҢ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ	44
48-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ.....	44
49-тарау. ПАЙДА АЛУШЫ	46
9-бөлім. САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫҢ АУЫР СЫРҚАТТАНУЫ ЖАҒДАЙЫНДА САҚТАНДЫРУ	46
50-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІ.....	46
51-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНА ЖАТАТЫН АУЫР СЫРҚАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ (БЕЛГІЛЕРІ)	46
52-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНА ЖАТПАЙТЫН ЖАҒДАЙЛАР	48
53-тарау. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫНЫҢ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ	49
54-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ.....	49
55-тарау. ПАЙДА АЛУШЫ	52
10-бөлім. САҚТАНДЫРЫЛУШЫҒА САҚТАНДЫРУ ЖАРНАСЫН ТӨЛЕУДЕН БОСАТЫЛАТЫН МҮГЕДЕКТІК БЕЛГІЛЕНГЕН ЖАҒДАЙДА САҚТАНДЫРУ	52
56-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ	52
57-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНА ЖАТПАЙТЫН ЖАҒДАЙЛАР	53
58-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ (ПАЙДА АЛУШЫНЫҢ) ӘРЕКЕТТЕРІ.....	54
59-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ.....	54

60-тарау. САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫҢ ЗЕЙНЕТКЕРЛІК ЖАСҚА ТОЛУЫ ЖӘНЕ МҮГЕДЕКТІГІНЕН ОҢАЛТУ	56
11-бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ	56
61-тарау. САҚТАНУШЫНЫҢ ОРНАЛАСҚАН НЕМЕСЕ ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРІНІҢ ӨЗГЕРУІ.....	56
62-тарау. ҚОСЫМША ТАЛАПТАР	56

1-бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1-тарау. МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1. «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы, осы Пайдаға қатысатын өмірді аралас сақтандыру Қағидасының талаптарына сәйкес (бұдан әрі – Сақтандыру қағидасы) (қосымша өтемі бар), жеке және заңды тұлғалармен пайдаға қатысатын, жазатайым жағдайдан ерікті сақтандыруға қатысты талаптары бар өмірді аралас сақтандыру шарттарын (бұдан әрі – Сақтандыру шарты/Сақтандыру шарты немесе Сақтандыру полисі/Полис) жасайды.

2-тарау. ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

2. Сақтандыру қағидасында Сақтандыру қағидасын іске асыру мақсатында қолданылатын келесі терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады:

1) еңбекке қабілеттілігінен уақытша айырылу (уақытша еңбекке жарамсыздық) – еңбекке қабілеттілікті қалпына келтіруге немесе мүгедектікті белгілеуге қажет уақыт ішінде кәсіби еңбекті орындай алмағандықтан міндеттер бұзылатын аурулармен немесе жарақатпен ескертілген адам ағзасының жағдайы;

2) Пайда алушы – сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

3) сатып алу сомасы – сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтанушыға төленуі тиіс ақша сомасы. Сақтандыру қағидасының талаптарын іске асыру мақсатында сатып алу сомасына қатысты келесі ұғымдар пайдаланылуы мүмкін:

бонустық сатып алу сомасы –Сақтандыру қағидасына сәйкес Сақтандырушының пайдасына қатысудан келіп түсетін (мұндай бар болса) сақтандыру дивидендтерінің мөлшеріне байланысты анықталатын сатып алу сомасы;

сатып алу сомасы – сақтандыру шартында кепілдік берілген сатып алу сомасы;

4) сақтандыру жылы – полис шығарылған күннен (сақтандырудың бірінші жылы) немесе полистің жылдығынан басталатын (сақтандырудың кезекті жылдары) он екі айлық кезең;

5) полистің жылдығы – сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңіне сәйкес келетін күн, оның күні мен айы полис шығарылған күнге және айға сәйкес келеді;

6) ауруханаға жатқызу – Сақтандыру шарты әрекеті мерзімі ішінде Сақтандырылушымен орын алған жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының шұғыл медициналық көрсетімдер бойынша ауруханада емделуі;

7) кәмелетке толмаған баланың заңды өкілдері – ата-анасы, асырап алушылары, қамқоршысы, асырап алған ата-анасы, патронат тәрбиешісі және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес балаға қамқорлық танытуды, білім, тәрбие беруді, құқықтары мен мүддесін қорғауды жүзеге асыратын оларды ауыстыратын басқа да тұлғалар;

8) Сақтандырылушы – сақтандыру жүзеге асырылатын жеке тұлға. Жас мөлшері 14 (он төрт) жастан бастап 65 (алпыс бес) жасқа дейінгі еңбекке қабілетті жеке тұлға Сақтандырылушы болып табылады. Сақтандырылушының жас мөлшері Сақтандыру шартының әрекеті аяқталғанда 70-тен (жетпіс) аспауы тиіс;

9) ауыр сырқат – Сақтандырылушының өмірлік салтын айтарлықтай бұзатын және өмір сүру сапасын нашарлататын, тізбесі Сақтандыру қағидасында анықталған өлім деңгейінің аса жоғары болуын сипаттайтын сырқат, белгілері;

10) жалған мәліметтер – Сақтанушы/Сақтандырылушы сақтандыру өтінішінде ұсынған, сақтандыру шарты жасалатын күнге шындыққа сәйкес келмейтін сақтандыру объектісі туралы мәліметтер;

11) жазатайым жағдай – адамның ерік-жігеріне қарамастан басталған, Сақтандырылушының денсаулығына зиян келуіне, мертігуіне не қайтыс болуына алып келген, оның ағзасына сырттан механикалық, электрлік, химиялық немесе термикалық әсер етуі нәтижесінде кенеттен болған, қысқа мерзімді оқиға (жағдай);

12) кейінге қалдыру – Сақтанушы мерзімі өткен сақтандыру жарнасын төлеуге міндетті, ұзақтығы кемінде отыз күнгізбелік күн болатын кезең;

13) спортпен кәсіби шұғылдану – спортшының жаттығу күшін және спорт жарыстарына бұдан кейін қатысуын болжайтын, дайындалғаны және қатысқаны үшін сыйақы алатын, дене жаттығуларына байланысты белгілі бір спорт түрімен жүйелі түрде шұғылдануы;

14) спорттық жарыс – бірнеше қатысушының (командалардың) жарысқа қатысуын көздейтін, регламенті, қатысу қағидасы және жарысты ұйымдастыруға қажет басқа да белгілері бар ұйымдық іс-шара;

15) Сақтанушы – Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасаған тұлға;

16) Сақтандырушы – сақтандыруды жүзеге асыратын, яғни сақтандыру жағдайы басталған кезде пайдасына сақтандыру шарты жасалатын тұлғаға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы;

17) сақтандыру төлемі – сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандыру қағидасында белгіленген талаптарға сәйкес Сақтандырушы Пайда алушыға әрбір өтем бойынша тиісті сақтандыру сомасы аясында төлейтін ақша сомасы;

18) сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы) – Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін Сақтанушы оған төлеуге міндетті ақша сомасы. Сақтандыру қағидасына сәйкес сақтандыру сыйлықақысын төлеу мерзімді сақтандыру жарнасы түрінде бөліп жүргізіледі;

19) сақтандыру сомасы – сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру объектісі сақтандырылған және Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемінен тұратын ақша сомасы. Сақтандыру қағидасының талаптарын іске асыру мақсатында, сақтандыру сомасына қатысты келесі ұғымдар пайдаланылуы мүмкін:

бонустық сақтандыру сомасы – сақтандыру қағидасына сәйкес Сақтандырушының пайдасына қатысудан келіп түсетін сақтандыру дивидендтерінің мөлшеріне байланысты анықталатын қосымша сақтандыру сомасы (мұндай бар болса);

сақтандыру сомасы – сақтандыру шартында кепілдік берілген сақтандыру сомасы;

азайтылған сақтандыру сомасы –Сақтандыру қағидасының талаптары ескеріле отырып сақтандыру шартында көзделген, Сақтанушының сақтандыру жарнасын төлеуі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда немесе сақтандыру жарнасын төлеу мерзімі кешіктірілген жағдайда (біріншісін қоспағанда) қолданылатын сақтандыру сомасы;

20) сақтандыру мүддесі – Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) сақтандыру жағдайының тәуекелін болдырмауға және басталуына жол бермеуге мүліктік мүддесі;

21) сақтандыру полисі/полис – сақтандыру шартының онда және осы сақтандыру қағидасында көрсетілген талаптарда жасалғанын растайтын, Сақтандырушы Сақтанушыға беретін құжат. Осы сақтандыру қағидасының талаптарын іске асыру мақсатында, сақтандыру полисі келесідей бөлінеді:

жанартылған полис – бұрын берілген полистің орнына Сақтандыру шартына кейбір өзгертулер немесе толықтырулар енгізілгенде Сақтандырушы Сақтанушыға беретін полис;

түпнұсқа полис – сақтандыру шарты жасалған кезде Сақтандырушы Сақтанушыға беретін полис;

22) сақтандыру жағдайы – басталған кезде сақтандыру шарты сақтандыру төлемін сақтандыру шартының талаптарында көзделген тәртіпте жүзеге асыруды көздейтін оқиға;

23) сақтандыру дивидендтері – Сақтандырушыда инвестициялық қызметтен келіп түсетін пайданы үлестіру арқылы Сақтанушыға тиесілі, сақтандыру шартында кепілдік берілмеген ақша сомасы;

24) дене жарақаты - Сақтандырылушының ағзасына сырттан механикалық, термикалық, электрлік немесе химиялық әсер етуі нәтижесінде туындайтын, жалпы тіннің, органдардың немесе барлық ағзаның зақымдануы;

25) шұғыл медициналық көрсетімдер – медициналық көмек тезарада көрсетілуі тиіс көрсетімдер;

26) Сақтандыру қағидасына сәйкес, Сақтандырылушының қауіпті (экстремалды) әрекеттері келесіні білдіреді:

- гидроциклмен жарысу, оны айдау, міну; гидроцикл (суда жүзетін мотоцикл) – су бетінде глиссирлеу арқылы қозғалуға арналған, ішкі жағы жанатын тұрақты қозғалтқышы бар жылдам дербес су көлігі (жүзу құралы);

- тауға шығу туризмі (альпинизм);

- парашютпен секіру;

- "серіппелі ағашаякпен" — джампермен жүгіру және секіру;

- вейкбордпен, маунтинбордингпен жүру, міну (скейтбордингтің түрлері, тақтаның дөңгелектері үлкен, табиғи ландшафтқа мінуге болады);

- матадан жасалған қанаты бар арнайы костюммен ұшу (вингсьютинг);

- желкенді тақталармен түсу, жарысу, міну;
- арнайы велосипедтерде трюктер немесе кросс орындау (Bicycle Moto Cross (BMX));
- суға аквалангпен терендеу;
- дельтапланмен, мотodelьтапланмен және олардың түрлерімен ұшу;
- қырдан мөлдір шармен (зорбе) түсу;
- спортшы сүйреткіш ауа жыланын (кайт) ұстап тұратын және басқаратын ауырлық күшінің әсерімен су бетінде қозғалу;
- жүзу құралдарының көмегініңсіз өзен арнасын меңгеру;
- бір орындық шағын кемеде (қайықта) ағызу;
- асфальт бетімен ұзын тақтада түсу (скейтке қарағанда жылдамырақ және бірқалыптырақ тебу үшін);
- таудан арнайы велосипедпен түсу (Маунтинбайк);
- парашютпен, парашютпен және олардың түрлерімен ұшу;
- Pogo stick ("Шегіртке") секіру, сондай-ақ серіппесі, тұтқасы, басқысы мен негізгі платформасы бар секіруге арналған құрылғы – пого-стик деген атаумен белгілі;
- табиғи және (немесе) жасанды кедергілерден өтетін үрленетін қайықпен тау өзендерімен ағызу;
- жоғары объектілерден арнайы сақтандыру жібімен секіру (Роуп-джампинг, банджи-джампинг, "тарзанка");
- биік ғимараттардың шығуға қиын және қауіпті төбелеріне сақтандырусыз шығу;
- сёрфинг тақтасын немесе қысқа ласттарды және арнайы қолғаптарды қолдана отырып толқынмен сырғанау;
- адамның құралдары қалыпты емес күш жаттығуларын орындауы, мысалы, автокөлікті көтеру (күш экстрим);
- табиғи немесе жасанды рельефке шығу (Құзға шығу);
- скейтбордта (аунақшалы тақта) трюк орындау;
- қар басқан баурайдан және таудан арнайы шаңғымен, арнайы құралмен, сноубордпен түсу, тебу;
- шаңғыдағы, сноубордтағы немесе конькидегі ұстап тұратын кайттың көмегімен қар басқан жерлерде немесе мұзда сырғанау;
- құмда сноубордпен жүру. Көбінесе құм карьерінде немесе шөл далада жүзеге асырылады;
- үнгірден өту туризмі (спелеология);
- мотоциклді трюк жасай отырып айдау;
- кедергілерді велосипед, мотоцикл немесе жүк көлігі арқылы меңгеруге байланысты спорт шараларына қатысу (Триал);

- асфальт баурайдан арнайы құралмен түсу (фрибордпен);
- трюкті орындай отырып шығыршықты коньки тебу (Роллерблейдинг);
- әдетте, дайын тас жолынан тыс табиғи қырдан және таудан түсу, міну (фрирайд: тау шыңғысы және сноуборд, вело фрирайд);
- жекпе-жек – жеңімпазды анықтау мақсатында екі қатысушы айқаста тек дене күшін немесе әртүрлі спорт жабдығын және/немесе суық қаруды пайдалана отырып, бір-біріне білекпен қарсыласатын спорт жарысының түрі;
- аңшылық, атқа міну және кез келген жануарды пайдалана отырып жүру, әуе шарымен, аэростатпен, планермен және олардың түрлерімен ұшу;
- авто-мото және әуе спорт сабақтарының барлық түрлері;
- кез келген спорт жарыстарына қатысу;
- сондай-ақ жоғарыда аталған әрекет түрлері мен спорт сабақтарының өзге де барлық түрлері.

2-бөлім. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

3-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ МӘНІ

3. Сақтанушы сақтандыру шартында берілген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру жарналарын (сақтандыру сыйлықақысын) төлеуге міндетті.

4. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру шартында берілген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті.

5. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру объектісі ретінде – сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру мерзімінің соңына дейін сақтандырылған адамның өмір сүруіне, қайтыс болуына және сақтандыру жағдайының басталуы салдарынан сақтандырылған адамның өмірі мен денсаулығына зиян келтіруіне байланысты Сақтанушының (Пайда алушының) мүлiктік мүдделері қолданылады. Сақтанушының заңға қайшы келетін мүдделері сақтандыруға қабылданбайды.

4-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

6. Сақтанушыны Сақтандырушы біржақты тәртіпте әзірлеген (қосылу шарты) типтік талаптарға (сақтандыру қағидасына) қосу және Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру полисін беруі арқылы Сақтандыру шарты жазбаша түрде жасалады. Бұл ретте, берілетін Полиске Сақтандыру қағидасының көшірмесі қоса тіркеледі. Бұл құжаттар (Полис және Сақтандыру қағидасының көрсетілген көшірмесі) бірге сақтандыру шарты болып табылады.

7. Сақтандыру шартын жасау үшін, сақтандыру шартын жасауға ниет білдірген тұлға (Сақтанушы) Сақтандыру қағидасымен танысуға және Сақтандырушы белгілеген үлгі бойынша сақтандыру өтінішін Сақтандырушыға ұсынуға міндетті.

8. Сақтандыру шартын жасауға ниет білдірген тұлға (Сақтанушы) сақтандыру өтінішінде (немесе сақтандыру шартымен байланысты өзге құжатта) сақтандыру

жағдайының басталу ықтималын анықтау үшін өзіне белгілі болған едәуір маңызды мәліметтерді хабарлауға міндетті.

9. Сақтандыру тәуекелін бағалау кезінде Сақтандырушының Сақтанушыға шарт жасалатын кезеңде жіберілген жазбаша сақтандыру өтінішінде немесе жазбаша сұратуларында көрсетілген, осы Сақтандыру қағидасында анық ескертілген сақтандыру жағдайының басталу мүмкіндігіне және ықтимал залалдың мөлшеріне әсер етуі мүмкін болатын жағдайлар кез келген жағдайда маңызды болып табылады.

10. Егер сақтандыру шарты жасалғаннан кейін Сақтанушының Сақтандырушыға осы Тараудың 9-тармағында көрсетілген жағдайлар туралы көрнекі жалған мәліметтерді хабарлағаны белгіленетін болса, Сақтандырушы сақтандыру шартының жарамсыз деп танылуын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген салдардың қолданылуын талап етуге құқылы. Егер Сақтанушы жасырған жағдайлар болмаған болса, Сақтандырушы шарттың жарамсыз деп танылуын талап ете алмайды.

11. Сақтанушының Сақтандыру қағидасына қосылу арқылы Сақтандыру шартын жасауға берген келісімі Сақтандыруға сақтандыру туралы өтінішін беру және Сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеу арқылы расталады. Сақтандырушының сақтандыру өтінішін алуы оны сақтандыру шартын жасауға міндеттемейді. Сақтандырушының сақтандыру шартын жасауға келісімі Сақтанушыға сақтандыру талаптары көрсетілген полистің берілгенімен расталады.

12. Сақтандыруға қабылданбайды:

- 1) мүгедектер;
- 2) психоневрологиялық диспансерде есепте тұрған тұлғалар;
- 3) қылмыс жасағаны үшін қылмыстық-атқарушылық жүйе мекемесінде жазасын өтеуші тұлғалар;
- 4) Компания андеррайтері қабылдамаған тұлғалар.

13. Сақтандыру ережелерінің 12-тармағында көрсетілген тұлғаларға қатысты жасалған Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысы осындай шарт жасалған күннен бастап күшіне енген болып табылады. Осы тармаққа сәйкес сақтандыру шарты бұзылатын болады, бұл ретте сақтандыру сыйақысының төленген сомасы сақтандырушыға келтірілген сақтандыру сыйақысының 20% (жиырмасынан) аспайтын шығыстарын шегере отырып қайтарылады. Сақтандыру шарты күшіне енгеннен кейін сақтандыру өтініші және осы Сақтандыру қағидасында анық ескертілген өзге де құжаттар сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

5-тарау. МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕКСЕРУ

14. Сақтандыру шарты жасалған кезде Сақтандырушы сақтандырылатын тұлғаның (Сақтандырылушының) іс жүзінде денсаулығын бағалау үшін, Сақтандырушы мұндай тексеруге белгілеген медициналық мекемеде оған медициналық тексеру тағайындауға құқылы. Сақтандырылатын тұлға (Сақтандырылушы) медициналық тексерудің өткізілуінен бас тартқан жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру шартын жасаудан бас тартуға құқылы.

15. Медициналық тексеру сақтандыру шартын жасауға ниет білдірген тұлғаның (Сақтанушының) немесе сақтандырылатын тұлғаның (Сақтандырылушының) есебінен жүргізіледі. Сақтандыру шарты жасалған жағдайда, медициналық тексеруден кейін, Сақтандырушы медициналық тексеру бойынша жүргізілген шығысты растайтын құжаттар ұсынылған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде медициналық тексерудің төленгенін растайтын құжаттарда көрсетілген мөлшерде осы жүргізілген шығыстың орнын толтырады.

16. Егер медициналық тексеру Сақтандырушы белгілеген медициналық мекемеден басқа медициналық мекемеде өткізілген болса, онда медициналық тексеру шығысының орны Сақтандырушы белгілеген медициналық мекемедегі осыған ұқсас медициналық тексеру құны шегінде ғана толтырылады.

17. Егер сақтандыру шарты жасалмаған болса немесе бірінші сақтандыру жарнасы сақтандыру шартында белгіленген мерзімде төленбеген болса немесе толық төленбеген болса, онда Сақтандырушы медициналық тексеру шығысының орнын толтырмайды.

6-тарау. САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ СӘЙКЕС ЖАСАЛАТЫН САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

18. Сақтандыру қағидасының 3-Бөлімде берілген ережесі пайдаға қатысатын өмірді аралас (жинақтаушы) сақтандыруға қатысты қолданылады.

19. Тараптардың келісімімен сақтандыру шартына Сақтандыру қағидасының 3-Бөлімінде берілген пайдаға қатысатын өмірді аралас (жинақтаушы) сақтандыруға қатысты қолданылатын талаптарға (бұдан әрі – Негізгі бағдарлама) қосымша ретінде сақтандыру шартының қосымша талаптары кіргізілуі мүмкін (бұдан әрі – Сақтандырудың қосымша бағдарламасы немесе Қосымша талаптар).

20. Сақтандыру шартының қосымша талаптарына келесілер кіреді:

1) Сақтандыру қағидасының 4-бөлімінде көрсетілген, жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының қайтыс болуы жағдайында сақтандыру;

2) Сақтандыру қағидасының 5-бөлімінде көрсетілген, сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде орын алған жазатайым жағдай бойынша сақтандыру сомасы төленетін, көрсетілген жағдай нәтижесінде Сақтандырылушыға бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік белгіленген жағдайға сақтандыру. Бұл ретте Сақтандырылушыға мүгедектік жазатайым жағдай басталған сәттен бастап 6 (алты) айдан кешіктірмей белгіленуі тиіс;

3) Сақтандыру қағидасының 6-бөлімінде көрсетілген, жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының дене жарақатын алуы жағдайында сақтандыру;

4) Сақтандыру қағидасының 7-бөлімінде көрсетілген, жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының уақытша еңбекке жарамсыздығы жағдайында сақтандыру;

5) Сақтандыру қағидасының 8-бөлімінде көрсетілген, жазатайым жағдай нәтижесінде шұғыл медициналық көрсеткіштер бойынша Сақтандырылушының ауруханаға жатқызылуы жағдайында сақтандыру;

6) егер Сақтандырылушы ауруды тексерген сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн өмір сүрген болса, Сақтандыру шартының әрекеті басталатын күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен ерте болмайтын мерзімге Сақтандыру қағидасының 9-бөлімінде көрсетілген Сақтандырылушының ауыр сырқатының бірінші рет анықталған диагнозы жағдайында сақтандыру;

7) Сақтандыру қағидасының 10-бөлімінде көрсетілген, жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандыру шартының үздіксіз әрекетінің алғашқы екі жылы ішінде, кез келген себеппен Сақтандыру шарты әрекетінің үшінші жылынан бастап Сақтандырылушыға бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік белгіленген жағдайда сақтандыру жарнасын төлеуден босата отырып, сақтандыру.

21. Егер Сақтандыру қағидасының 4-10-бөлімдерінде тікелей өзгеше көзделмеген болса, Сақтандыру қағидасының 3-бөлімінде көрсетілген ереже аталған бөлімдердің ережесіне қолданылады.

22. Егер сақтандыру полисінде сақтандыру шартына Қосымша бағдарламаның кіретіні тікелей көзделген жағдайда ғана Сақтандырудың қосымша бағдарламасына қатысты талаптар қолданыста болады. Сақтандыру қағидасының 4-10-бөлімдерінде көрсетілген талаптар пайдаға қатысатын өмірді аралас (жинақтаушы) сақтандыру бойынша сақтандыру шартының талаптарына қатысты қосымша талаптар болып табылады (Сақтандыру қағидасының 3-бөлімі) және сақтандыру шартына Сақтандыру қағидасының 3-бөлімінде көрсетілген талаптарсыз кіргізілмейді.

23. Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандырудың қосымша бағдарламасының талаптарын бірге де, әрқайсысын бөлек те тандай алады. Сақтандыру шартына қосымша талапты кіргізу үшін, Сақтанушы бұл туралы Сақтандырушы белгілеген үлгі бойынша сақтандыру өтінішінде Сақтандырушыға хабарлауға міндетті. Сақтандырушы сақтандыру шартына қосымша талапты кіргізуге келіскен кезде, Сақтандырушы Сақтанушыға Сақтандыру қағидасында белгіленген тәртіпте тиісті мәліметтер көрсетілген сақтандыру полисін береді.

Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде толық көлемде төлеген кезде, Қосымша бағдарламаға қатысты талаптар сақтандыру полисінде көрсетілген мерзім ішінде әрекет етеді. Сақтандыру қағидасының 3-тарауы 20-тармағының 3), 4), 5) тармақшаларында көрсетілген қосымша талаптар бойынша сақтандыру сомасы сақтандырудың әрбір жылы қалыптастырылуы мүмкін.

24. Сақтандырудың қосымша бағдарламаларының талаптары:

1) Сақтандырылушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген зейнеткерлік жасқа толғанда ("жазатайым жағдай нәтижесінде қайтыс болу" қосымша талабын қоспағанда);

2) сақтандыру шартының әрекеті аяқталған немесе тоқтатылған;

3) сақтандыру жарнасының төлемі мерзімінен бұрын тоқтатылған;

4) Сақтанушының өтініші бойынша қосымша талапты алып тастау туралы Сақтандырушы мекенжайына;

5) Сақтандыру қағидасының 3-бөлімінде белгіленген пайдаға қатысатын өмірді аралас сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша басталған сақтандыру жағдайының сақтандыру төлемі жүзеге асырылған;

6) сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде орын алған жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушыға бірінші немесе екінші топтағы мүгедектікті белгілеу" басталған сақтандыру жағдай бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылған;

7) жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандыру шартының үздіксіз әрекетінің алғашқы екі жылы ішінде, кез келген себеппен Сақтандыру шарты әрекетінің үшінші жылынан бастап бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік белгіленген;

8) Сақтандыру қағидасының 14-тарауы 72-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген сәттен бастап өз әрекетін тоқтатады.

25. Қосымша талаптар әрекеті тоқтатылған кезде, мұндай сақтандыруға қатысты сатып алу сомасының төлемі жүргізілмейді.

3-бөлім. ПАЙДАҒА ҚАТЫСУМЕН ӨМІРДІ АРАЛАС САҚТАНДЫРУ

7-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

26. Келесі жағдайлар Компанияның пайдаға қатысатын өмірді аралас сақтандыру бойынша сақтандыру жағдайы (Негізгі бағдарлама) болып табылады:

1) сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде Сақтандырылушының қайтыс болуы;

2) Сақтандырылушының сақтандыру мерзімінің соңына дейін өмір сүруі.

8-тарау. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

27. Сақтанушы құқылы:

1) сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;

2) Сақтандырушыдан сақтандыру шартына сәйкес қабылданған міндеттемелерді орындауын талап етуге;

3) Сақтандырушыдан сақтандыру талаптарын, сақтандыру шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруін талап етуге;

4) сақтандыру шартында белгіленген жағдайларда сақтандыру төлемін алуға;

5) сақтандыру полисін жоғалтқанда, оның телнұсқасын алуға, бұл ретте сақтандыру полисі телнұсқасының нөмірі жоғалған сақтандыру полисінің нөмірімен бірдей болуы тиіс.

28. Сақтанушы міндетті:

1) сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде төлеуге;

2) Сақтандырушыны сақтандыру тәуекелінің жағдайы туралы хабардар етуге;

3) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайы басталған күннен бастап 40 (қырық) күнтізбелік күннен кешіктірмей, қандай жағдайда да тезарада бұл туралы хабардар етуге. Егер Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы жоғарыда аталған мерзімдерде дәлелді себептермен хабардар ете алмаған болса, онда ол уақтылы хабардар етпеуінің себебі туралы жазбаша түсінік

беруі және бар болса құжат арқылы растауы тиіс. Бұл ретте, егер Сақтанушының Сақтандырушыны сақтандыру жағдайы туралы хабардар етпеуі немесе уақтылы хабардар етпеуі өз еркінен тыс болған себептермен ескерілген болса және аталған деректі растайтын тиісті құжаттар ұсынылған болса, онда мұндай жағдайда Сақтандырушының хабардар етпеуі немесе уақтылы хабардар етпеуі сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына негіз болмайды.

Сақтанушының еркінен тыс болған жағдайлар хабардар етпеуіне немесе уақтылы хабардар етпеуіне дәлелді себеп болып табылады, атап айтқанда: еңсерілмейтін күш жағдайлары, яғни мұндай жағдайларда төтенше және ырық бермейтін жағдайлар (форс-мажор), соның ішінде табиғи құбылыстармен, әскери іс-қимылдармен және т.б. шектелмейді;

4) егер Сақтанушы Сақтандырылушы болып табылмаса Сақтандырылушының сақтандыру шартын жасауға жазбаша келісімін Сақтандырушыға ұсынуға;

5) сақтандыру жағдайларын ескертуге бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға.

29. Сақтандырушы құқылы:

1) сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;

2) Сақтанушыдан сақтандыру шартына сәйкес қабылданған міндеттемелерді орындауын талап етуге;

3) сақтандыру жағдайының басталған мән-жайларын және себептерін тексеруге;

4) Сақтандырылушының денсаулығы жағдайы және уәкілетті мемлекеттік органның қайта куәландыруы нәтижелері туралы анықтаманы кез келген уақытта талап етуге құқылы;

5) Сақтандырушы тағайындаған, соның ішінде мемлекеттік уәкілетті орган белгілеген мүгедектікті тексеру үшін тағайындаған дәрігерлердің Сақтандырылушыға жылына бір реттен артық болмайтын қосымша медициналық тексеруді Сақтандырушы есебінен өткізуге (егер Сақтандырылушы Қазақстан Республикасынан тыс жерде болған болса, көлік шығысын қоспағанда);

6) медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясы қызметкерлерінің негізделмеген қорытындысына және/немесе Сақтандырылушының мүгедектігі немесе еңбекке қабілеттілігінен айырылғаны туралы құжаттарды мемлекеттік уәкілетті орган қызметкерлерінің заңсыз бергеніне шағым беруге.

30. Сақтандырушы міндетті:

1) сақтандыру шартын жасағанда Сақтанушыға сақтандыру полисін беруге;

2) сақтандыру жағдайы басталған кезде, сақтандыру төлемін сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде жүргізуге;

3) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

4) Сақтанушыны Сақтандыру қағидасымен таныстыруға және оның талап етуімен Сақтанушыға Сақтандыру қағидасының көшірмесін ұсынуға (жіберуге), сондай-ақ сақтандырудың барлық талаптарын, Сақтанушының сақтандыру шартынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;

5) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының Қаулысында бекітілген сақтанушының сақтандырушы инвестицияларына немесе пайдасына қатысу Қағидасының және ерекшеліктерінің көшірмесін, Сақтандырушының Директорлар кеңесі бекіткен пайданы үлестіру талаптарын, тәртібін және мерзімдерін анықтайтын Қағиданың көшірмесін, сондай-ақ Сақтандырушының сыйақы мөлшері туралы мәліметтерді Сақтанушыға таныстыру үшін ұсынуға;

6) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлама алғанда, тезарада оны тіркеуге;

7) Сақтанушы (Сақтандырылушы немесе Пайда алушы) немесе олардың өкілдері сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажет барлық құжатты ұсынбаған жағдайда, Сақтанушыдан құжаттарды қабылдаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оларды жетпейтін құжаттар туралы хабардар етуге.

31. Сақтандыру қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде Сақтандырушының басқа да құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

9-тарау. ПАЙДАҒА ҚАТЫСУ

32. Сақтандырушы өз қызметі нәтижесінде (егер бар болса) Сақтанушының пайдаға қатысуын көздейтін сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру дивидендтері түрінде үлестірілуі тиіс пайда бөлігінің сомасын жыл сайын белгілейді. Пайданы үлестіру талаптары, тәртібі және мерзімдері, Сақтандырушының (қажет болса) сыйақы алу мөлшері мен тәртібі Директорлар кеңесінде бекітілген қағидасында белгіленеді.

33. Сақтандырушының Сақтанушылар арасында үлестірілетін пайдасының мөлшері туралы шешім Сақтандырушының Директорлар кеңесінде қабылданады.

34. Пайданы қалыптастыруға сақтандыру шартының салымы ескеріле отырып, Сақтандырушы пайданың бір бөлігін Сақтанушы төлеген сақтандыру сыйлықақыға (төленген сақтандыру жарнасы) тепе-тең етіп сақтандыру шартына сақтандыру дивидендтері түрінде үлестіреді.

35. Сақтанушының Сақтандырушы пайдасына қатысуын көздейтін сақтандыру шартының пайдасы инвестициялық кірістіліктің іс жүзіндегі мөлшерлемесі және аталған сақтандыру түрі бойынша Сақтандырушы жасаған шарттар бойынша сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарнасы) мөлшерін есептеу кезінде көзделген мөлшерлеме арасындағы оң айырмашылық есебінен қалыптастырылады.

36. Шарт жылдығы басталғанға дейін төленуі тиіс барлық сақтандыру сыйлықақысы (жарнасы) толық төленген жағдайда, сақтандыру дивидендтері шарт жылдығына есептеледі.

37. Егер Сақтандырушының Директорлар кеңесінде бекітілген қағидада өзгеше белгіленбеген болса, сақтандыру дивидендтері сақтандырудың 3 (үшінші) жылынан бастап жыл сайын жүзеге асырылады.

38. Сақтандыру шарты бойынша есептелген сақтандыру дивидендтері бонустық сақтандыру сомасының шамасына қосымша сақтандыру арқылы қорғауды сатып алуға пайдаланылады.

39. Сақтандырушы Сақтанушының өтініші бойынша бонустық сақтандыру сомасын белгілегенде, бонустық сақтандыру сомасының мөлшері және/немесе

бонустық сақтандыру сомасына байланысты өзге де қажет талаптар көрсетілетін, қосымшасы бар Жаңартылған полис жіберіледі.

40. Бонустық сақтандыру сомасы мөлшеріндегі қосымша сома ескерілетін, сақтандыру шарты бойынша белгіленген сақтандыру сомасының мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру, сәйкесінше, тек Негізгі бағдарлама бойынша жүргізіледі. Бонустық сақтандыру сомасы Сақтандыру қағидасының 3-бөлімінде көрсетілген Негізгі бағдарлама бойынша сақтандыру жағдайы кезінде төленуі тиіс.

41. Сақтандырылушыны мүгедектікке алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыру талаптарына сәйкес Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеуден босатылатын мерзім ішінде сақтандыру дивидендтері есептелмейді. Сақтандыру мерзімі аяқталғаннан кейін сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы және мүгедектік берілетін кезеңді қоспағанда, сақтандыру кезеңі ішінде есептелген бонустық сақтандыру сомасының мөлшері төленеді.

42. Сақтандыру қағидасының 14-тарауы 72-тармағының 2) тармақшасында белгіленген жағдайда, Бонустық сақтандыру сомасы есептелетін болады.

43. Сақтандыру шарты кез келген себеппен бұзылған жағдайда, төлемнің сақтандыру сомасының мөлшері сатып алу сомасына және Бонустық сатып алу сомасына (мұндай бар болса) тең.

44. Сақтанушы Сақтандырушымен жасалған қарыз шартына сәйкес қарызды алған кезде, Бонустық сақтандыру сомасын есептеу сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан және Сақтанушы қарыз сомасын уақтылы өтегенде және сақтандыру сыйлықақысын төлеген кезде жүргізілетін болады.

45. Сақтандыру дивидендтерінің төлемі сақтандыру мерзімі, Негізгі бағдарлама бойынша не Сатып алу сомасымен бірге сақтандыру жағдайы басталған мерзім аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады.

10-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ АРҚЫЛЫ ҚОРҒАУДЫҢ ӘРЕКЕТІ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ

46. Сақтандыру шарты Сақтандырушы Полисті шығарған "Полисті жасау (шығару) күні" жолында көрсетілген күннен бастап күшіне енеді.

47. Егер Сақтандыру шарты күшіне енетін сәтке бірінші сақтандыру жарнасы (сақтандыру сыйлықақысы) толық төленген болса, Сақтандыру полисінде басқаша көрсетілмесе, сақтандыру арқылы қорғау (сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесі) полис шығарылған күннен кейінгі келесі күні әрекет ете бастайды.

48. Егер Полиске қол қойылған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде бірінші сақтандыру жарнасы (сақтандыру сыйлықақысы) төленбейтін болса немесе толық төленбейтін болса, Сақтандырушы сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы және ол күшіне енбеген болып есептеледі. Аталған негіздемелер бойынша сақтандыру шартын жасаудан бас тартқан кезде, Сақтандырушы бұл туралы Сақтанушыны хабардар етуге және егер толық төленбеген бірінші сақтандыру жарнасы (немесе сақтандыру сыйлықақысы) бар болса, оған мұндай төлемді қайтаруға міндетті.

49. Сақтандыру арқылы қорғау Қазақстан Республикасының аумағында да, сондай-ақ одан тыс жерлерде де әрекет етеді.

50. Сақтанушы (Сақтандырылушы) денсаулығының іс жүзінде жағдайын бағалау үшін медициналық тексеруден өтуге жіберілген жағдайда, егер Сақтандырушыға өткен медициналық тексеру нәтижесі (қорытынды, акті, анықтамалар) ұсынылған кезде Сақтандыру шарты күшіне енген сәтке бірінші сақтандыру жарнасы (сақтандыру сыйлықақысы) төленген болса, сақтандыру арқылы қорғау аталған уақыттан бастап әрекетін бастайды.

11-тарау. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ

51. Сақтандыру сомасының мөлшері полисте көрсетіледі.

52. Сақтандыру сомасы сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша жүргізген Сақтандыру төлемдерінің сомасына азайтылады.

12-тарау. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ (САҚТАНДЫРУ ЖАРНАЛАРЫНЫҢ) МӨЛШЕРІ, ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ

53. Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді біржолғы немесе мерзімдік (жылдық, жарты жылдық, тоқсандық, айлықтық) сақтандыру жарнасы түрінде бөліп жүргізеді.

54. Сақтандыру жарнасы (сақтандыру сыйлықақысы) Сақтандырушының банк шотына қолма-қол ақшасыз төлем арқылы (аударым) төленуі мүмкін. Сақтандыру жарнасы Сақтанушының банк шотындағы ақшаны Сақтандырушының шотына акцептісіз автоматты түрде аудару арқылы төленуі мүмкін. Сақтанушы мұндай жағдайда Сақтандырушыға сақтандыру жарнасы мөлшеріндегі ақшаны акцептісіз автоматты түрде аударуға қажет басқа құжаттарды ұсынуға міндетті.

55. Сақтандыру жарнасын төлеу кезеңділігі және оған тиесілі мөлшері полисте көрсетіледі. Сақтанушы сақтандыру жарнасын төлеу кезеңділігін полис жылдығына өзгертуге құқылы. Сақтандыру жарнасын төлеу кезеңділігі өзгертілген кезде, Сақтанушы міндетті:

1) мұндай өзгеріс әрекеті басталатын күнге дейін Сақтандырушыны аталған өзгеріс туралы хабардар етуге;

2) Сақтандырушыға тиесілі кезекті сақтандыру жарнасын Сақтанушы таңдаған кезеңділікке сәйкес келетін мөлшерде төлеуге.

56. Айлықтық кезеңдердің басы түпнұсқа Полиске қол қойылған күндерге сәйкес келеді. Егер ағымдағы күнтізбелік айда түпнұсқа Полиске қол қойылған күн болмаса, онда айлықтық кезеңнің басы осы айдың алдындағы жақын күніне сәйкес келеді.

57. Тоқсандық кезеңдердің басы сақтандырудың әрбір жылының бірінші, төртінші, жетінші және оныншы айлықтық кезеңдеріне сәйкес келеді. Жарты жылдық кезеңдердің басы сақтандырудың әрбір жылының бірінші және жетінші айлықтық кезеңдеріне сәйкес келеді.

58. Сақтанушы әрбір сақтандыру жарнасы сәйкес келетін кезең басталғанға дейін аталған сақтандыру жарнасын төлеуге міндетті. Басқалай жағдайда, сақтандыру жарнасының мерзімі өткен болып есептеледі.

59. Сақтандыру жарнасын төлеуді немесе аударуды жүзеге асыруға байланысты шығыс пен тәуекелді Сақтанушы көтереді.

60. Сақтанушы төлеу мерзімі Сақтандыру қағидасында белгіленген талаптарда сақтандыру жағдайы басталғаннан кейінгі кезеңге сәйкес келетін сақтандыру жарнасын төлеу міндеттерінен босатылады.

61. Сақтанушы сақтандыру шартының талаптарына сәйкес төленуі тиіс сақтандыру жарнасын төлемегенде немесе уақтылы төлемеген жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыдан мерзімі кешіктірілген әрбір күнтізбелік күнге уақтылы төленбеген сомадан тұрақсыздық айыппұлсын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде төлеуін талап етуге құқылы.

13-тарау. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫНЫҢ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ (САҚТАНДЫРУ ЖАРНАЛАРЫНЫҢ) МӨЛШЕРІН ИНДЕКСТЕУ

62. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының (жарна) мөлшері тиісті өзгертілген кезде, сақтандыру шартында сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының және (немесе) сақтандыру төлемдерінің мөлшерін Сақтандыру шарты әрекеті ішінде индекстеу (өзгерту) көзделуі мүмкін.

63. Сақтандыру жарнасын сақтандыру сомасын индекстеу сақтандыру сыйлықақысы төленетін кезеңге өтеу бойынша Негізгі бағдарламасы бойынша жүргізіледі. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы біржолғы төленген кезде индекстеу жүзеге асырылмайды.

64. "Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандыру шартының үздіксіз алғашқы екі жылы ішінде Сақтандыру шарты әрекетінің үшінші жылынан бастап сақтандыру жарнасын төлеуден босатылатын, Сақтандырылушының бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік белгіленетін еңбекке қабілеттілігінен кез келген себеппен айырылуы" және "жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының қайтыс болуы" аталған қосымша өтеу бойынша қосымша бағдарламасының сақтандыру жарнасын және сақтандыру сомасын индекстеу аталған қосымша өтеу бойынша сақтандыру сыйлықақысы төленетін кезеңде жүргізіледі. Бұл ретте, Сақтанушы мүгедектік кезеңінде сақтандыру жарнасын төлеуден босатылған жағдайда, индекстеу көзделмеген. Қосымша бағдарламаның қалған өтеуі бойынша сақтандыру жарнасы және сақтандыру сомасы индекстелмеуі тиіс.

65. Индекстелген (өзгертілген) сақтандыру сомасының және өзгертілген сақтандыру жарнасының мөлшері Сақтандыру полисінде көрсетіледі.

66. Сақтандыру шартының жылдығы басталғанға дейін төленуі тиіс сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы) толық төленген жағдайда, индекстеу Шарт жылдығына жүзеге асырылады.

67. Сақтандыру сомасының және мерзімдік сақтандыру жарнасының мөлшерін индекстеу тәртібі мен әдістемесі Сақтандырушының Директорлар кеңесінде бекітілген ішкі қағидасында белгіленеді.

14-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАРНАСЫН ТӨЛЕУ МЕРЗІМІН КЕШІКТІРУ

68. Сақтандыру жарнасын белгіленген мерзімде алмаған Сақтандырушы (бірінші сақтандыру жарнасын қоспағанда) Сақтанушыны сақтандыру жарнасын төлеу қажеттілігі туралы хабардар етуге міндетті.

69. Хабарламада келесілер болуы тиіс:

1) сақтандыру сыйлықақысы кейінге қалдырылатын кезең (сақтандыру жарнасы төленуі қажет кезең);

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде сақтандыру жарнасын төлеу мерзімі кешіктірілгені үшін өсімпұл мөлшері;

3) осы Тараудың 72-тармағы 1) тармақшасының талаптарына сәйкес сақтандыру жарнасын төлеу мерзімі кешіктірілген кезең ішінде сақтандыру жарнасы төленбеген жағдайда, Сақтандырушының сақтандыру шартының әрекетін біржақты тәртіпте бұзу құқығы туралы ақпарат.

70. Сақтандыру жарнасын төлеу мерзімін кейінге қалдыру кезеңі 30 (отыз) күнтізбелік күннен кем болмауы тиіс.

71. Сақтандыру жағдайы сақтандыру жарнасы кейінге қалдырылатын кезеңде басталған кезде Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемелеріне жауапты, бұл ретте Сақтандырушы одан мерзімі өткен сақтандыру жарнасының мөлшерінде ақша сомасын және сақтандыру жарнасын төлеу мерзімін кешіктіргені үшін өсімпұлды ұстауға құқылы.

72. Сақтандыру жарнасының мерзімі өткен болып есептелетін күннен бастап кейінге қалдырылған кезең ішінде Сақтанушы аталған сақтандыру жарнасын (бірінші сақтандыру жарнасын қоспағанда) төлемеген жағдайда:

1) егер кейінге қалдырылатын кезең аяқталатын күнге Сақтанушының кез келген берешегі шегерілген сатып алу сомасының мөлшері 45 000 (қырық бес мың) теңгеден кем болса, Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылады;

2) егер кейінге қалдырылатын кезең аяқталатын күнге мұндай бар болса, Сақтанушының кез келген берешегі шегерілген сатып алу сомасының мөлшері 45 000 (қырық бес мың) теңгеден кем болмаса, Сақтандыру шарты өз әрекетін азайтылған сақтандыру сомасымен автоматты түрде жалғастырады.

73. Сақтандырудың әрбір жылы аяқталатын күнге барлық сақтандыру жарнасының толық төленгенін ескере отырып, азайтылған сақтандыру сомасының мөлшері полисте аталған күнгі жағдай бойынша көрсетіледі.

74. Іс жүзінде төленген мерзімді сақтандыру жарнасын ескере отырып, осы Тараудың 72-тарауы 2)-тармақшасының талаптары бойынша соңғы сақтандыру жарнасы төленетін күнге азайтылған сақтандыру сомасының мөлшері соңғы сақтандыру жарнасы төленген сақтандыру жылының соңында көрсетілген азайтылған сақтандыру сомасының мөлшеріне байланысты есептелетін болады.

75. Осы Тараудың 72-тармағы 2)-тармақшасында көзделген жағдайларда, Сақтанушы келесі сақтандыру жарнасын төлеу міндеттемелерінен босатылады.

15-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ӘРЕКЕТІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

76. Егер Сақтанушы сақтандыру жарнасын төлемегендіктен сақтандыру шартының әрекеті тоқтатылған болса, Сақтандырушы Сақтанушыдан келесілерді алған шартында, Сақтандырушы сақтандыру шартының әрекетін түпнұсқалы полистің талаптары бойынша қалпына келтіруге құқылы:

1) мерзімі кешіктірілген сақтандыру жарнасын;

2) сақтандыру жарнасын төлеу мерзімі кешіктірілгені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мөлшерде өсімпұлды;

3) Сақтандыру шартын қалпына келтіру жөніндегі өтінішті (сақтандыру шартының әрекет ету мерзімі тоқтатылған күннен бастап 6 (алты) ай өткеннен кейін сақтандыру шартының қолданысы қалпына келтірілген жағдайда).

77. Сақтанушы құқылы, ал Сақтандырушы сақтандыру шартының қолданысын оның әрекет етуі тоқтатылған күннен бастап бір жыл ішінде қалпына келтіруге құқылы. Сақтанушы, сонымен қатар сақтандыру шартының мерзімін оның әрекет етуі тоқтатылған күннен бастап бір жылдан астам уақыт ішінде қалпына келтіруге құқылы, бұл ретте бұндай сақтандыру шартының әрекетін қалпына келтіру Сақтандырушының міндеті емес, құқығы болып табылады.

78. Егер сақтандыру шартының әрекеті мерзімінен бұрын тоқтатылған болса және Сақтандырушы сатып алу сомасын төлеген болса, Сақтандырушы сақтандыру шартының қолданысын қалпына келтіруден бас тартуға құқылы.

79. Сақтанушы сақтандыру шартын қалпына келтіру кезінде сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылатын Сақтандырушының үлгісі бойынша денсаулық жағдайы туралы декларацияны жазып толтыруға міндетті.

80. Егер Сақтандырылушының және/немесе Сақтанушының денсаулығы жағдайы туралы Сақтанушы ұсынған құжаттар бойынша Сақтандырылушының және/немесе Сақтанушының денсаулығы жағдайы шарт жасалған кезде ұсынылған мәліметтермен салыстырғанда нашарласа, Сақтандырушы сақтандыру сомасының және/немесе сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарнасының) мөлшерін қайта есептеуді жүргізуге құқылы. Сақтанушы сақтандыру шартының әрекетін жаңа талаптармен қалпына келтіруден бас тартқан кезде, сақтандыру шарты қалпына келтірілмеуі тиіс.

81. Сақтанушы декларацияда сақтандыру жағдайының басталу ықтималын анықтау үшін айтарлықтай маңызы бар, денсаулығының жағдайы туралы өзіне белгілі барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті. Егер сақтандыру шартын қалпына келтіргеннен кейін Сақтанушының Сақтандырушыға осы тармақта көрсетілген жағдайлар туралы көрнекі жалған мәліметтерді хабарлағаны белгіленетін болса, Сақтандырушы сақтандыру шартының жарамсыз деп танылуын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген салдардың қолданылуын талап етуге құқылы.

16-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ТОҚТАТУ

82. Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату өтінішін ұсына отырып, сақтандыру шартынан кез келген жағдайда бас тартуға құқылы.

83. Егер Сақтанушы сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату өтінішінде мерзімінен бұрын тоқтатылатын анағұрлым соңғы күнді көрсетпеген болса, Сақтандырушының аталған өтінішті алған күні сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылған күні болып табылады.

84. Егер Сақтанушы Сақтандыру шарты жасалған күннен бастап бірінші және жиырмамыншы күн аралығындағы кезеңде шартты біржақты тәртіпте бұзса, онда Сақтандырушы Сақтанушыға алынған сақтандыру сыйлықақысының сомасын толық көлемде қайтаруға міндетті. Егер Сақтанушы Сақтандыру шарты жасалған күннен бастап жиырма бірінші және қырықыншы күн аралығындағы кезеңде шартты біржақты тәртіпте бұзса, онда Сақтандырушы сақтандыру шарты жасалғанда тартқан алынған сақтандыру сыйлықақысының сомасынан жиырма пайыздан аспайтын шығыс шегеріле отырып, Сақтанушыға алынған сақтандыру сыйлықақысының сомасын қайтаруға міндетті. Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылатын өзге жағдайларда, Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы) қайтарылмауы тиіс.

85. Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, осы Тараудың 84-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, Сақтанушы Сақтандырушыдан тек сатып алу сомасын және бонустық сатып алу сомасын (мұндай бар болса) алуға құқылы.

86. Барлық сақтандыру жарнасының (сақтандыру сыйлықақысының) сақтандырудың әрбір жылы аяқталған күндерге толық төленгені ескеріле отырып, сатып алу сомасының мөлшері полисте аталған күнгі жағдай бойынша көрсетіледі. Сақтандырудың бірінші жылы аяқталатын күнге сатып алу сомасының мөлшері нөлге тең.

87. Сақтанушы сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылатын күнге сақтандыру шарты бойынша төленуі тиіс сақтандыру жарнасын төлемеген жағдайда, сатып алу сомасының мөлшері соңғы сақтандыру жарнасы төленген сақтандыру жылының соңына белгіленген, Полисте көрсетілген сатып алу сомасының мөлшеріне байланысты іс жүзінде төленген мерзімді сақтандыру жарнасы ескеріле отырып есептелетін болады.

88. Сатып алу сомасының мөлшері полисте келесідей көрсетілген:

1) Сақтанушыға берілген қарыз есептелмей, сатып алу сомасы және мұндай қарыздың пайыздары шегінде;

2) сақтандыру дивидендтері есептелмей (мұндай бар болса).

89. Сақтандырушыға сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату өтініші берілген күннен бастап 40 (қырық) күнтізбелік күннен кешіктірмей, сатып алу сомасы және бонустық сатып алу сомасы Сақтанушыға төленуі тиіс.

90. Сатып алу сомасы және бонустық сатып алу сомасы төленген кезде, Сақтандырушы мерзімінен бұрын тоқтатылатын күн басталғанға дейін төленуі тиіс, Сақтанушының қарыз шарты бойынша (бар болса) берешек мөлшерінде ақша сомасын,

сондай-ақ Сақтанушының сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы алдындағы кез келген басқа берешегін ұстап қалуға құқылы.

91. Сатып алу сомасы және бонустық сатып алу сомасы бар болса, оларға на салық салу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте жүргізіледі.

92. Егер Сақтанушы қарыз шарты бойынша қарыз сомасын тиесілі сыйақымен бірге өтемеген болса, Сақтандыру қағидасының 17-тарау 100-тармағына сәйкес Сақтандырушы сақтандыру шартын біржақты тәртіпте бұзуға құқылы.

17-тарау. ҚАРЫЗ АЛУ

93. Сақтанушы сатып алу сомасы шегінде, Сақтандырушы тарапынан тиісті қаржы жылына белгіленген ең үлкен қарыз сомасынан аспайтын мөлшерде қарыз алуға құқылы.

94. Сақтандырушы және Сақтанушы арасындағы қарыз шарты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленеді.

95. Сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасы Сақтанушының алған қарызды қайтаруын қамтамасыз етеді, қарыз сомасын және бір жылға қарыз берілген кезеңге есептелген сыйақыны өтейді. Қарыз берілетін мерзім қарыз шарты жасалған сәтке сақтандыру шартының әрекеті іс жүзінде өткен кезең шегеріле отырып, оның әрекетінің мерзімінен аспауы тиіс.

96. Қарыз беру кез келген мақсатқа, соның ішінде жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша берешек ескеріле отырып анықталатын, жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша кезекті сақтандыру жарнасының берешегін төлеу үшін жүзеге асырылады.

97. Сақтанушының қарызды өтеу және мұндай қарыздың сыйақыларын төлеу бойынша кез келген берешегі Сақтандырушы төлеуі тиіс ақша сомасынан ұстап қалуы тиіс. Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда сатып алу сомасы төленген кезде, сақтандыру жағдайы басталған жағдайда сақтандыру төлемі жүзеге асырылған кезде, егер осы көрсетілген уақытқа Қарыз алушы берешекті өтемеген болса, Қарыз шартының жалпы берешегі Сақтандырушы төлеуі тиіс ақша сомасынан ұстап қалуы тиіс. Көрсетілген берешек Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес Сақтандырушы Пайда алушыға (Сақтанушыға) төлеуі тиіс сомадан өтеледі.

98. Сақтандыру сомасы Сақтандыру қағидасының 14-тарауы 72-тармағының 2) тармақшасында белгіленген тәртіпте азайтылған кезде, Сақтандырушы өзгертілген сақтандыру сомасы анықталған кезде Сақтанушының қарызды өтеу және мұндай қарыздың сыйақыларын төлеу бойынша кез келген берешегін есептеуге құқылы. Бұл ретте төленген полис бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру кезінде Сақтандырушы осыған дейін есептелген берешек сомасын ұстап қалуға құқылы емес.

99. Сақтанушы қарыз сомасын және есептелген сыйақыны қарыз шарты әрекетінің соңына дейін өтемеген (толық немесе ішінара) жағдайда, сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасының мөлшері қарыз шарты бойынша сақтанушының берешек сомасына азайтылады. Сақтандыру шарты әрекетінің әрбір келесі жылы үшін сақтандыру сомасының мөлшері мен сатып алу сомасының мөлшері сақтандыру шарты

бойынша соңғы сақтандыру жарнасы төленетін күнге сатып алу сомасының мөлшеріне байланысты жүргізілген азайтуды ескере отырып анықталады.

100. Егер қарыз шарты бойынша берешек сомасы сатып алу сомасының мөлшеріне жеткен жағдайда, онда сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасының және сақтандыру сомасының мөлшері нөлге тең болып есептеледі. Сақтандырушы сақтанушыны сақтандыру шарты бойынша сатып алу және сақтандыру сомасы азайтылған күнге дейін отыз күнтізбелік күн бұрын бұл туралы хабардар етеді және сақтандыру шартын аталған күннен бастап біржақты тәртіпте бұзуға құқылы.

18-тарау. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІ

101. Сақтандыру қағидасының осы Тарауы 102-тармағында көрсетілген жағдайлардан өзге жағдайлар нәтижесінде сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасы мен бонустық сақтандыру сомасын қосу (мұндай бар болса) арқылы анықталады, егер Сақтандыру қағидасының 14-тарауы 72-тармағының 2) тармақшасына сәйкес сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы) мерзімінен бұрын тоқтатылған болса, азайтылған сақтандыру сомасы мен бонустық сақтандыру сомасын қосу (мұндай бар болса) арқылы анықталады.

102. Егер сақтандыру жағдайы келесілермен тікелей немесе жанама байланысты болса, сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде Сақтандырылушының қайтыс болуы сияқты сақтандыру жағдайы басталған күнге сақтандыру төлемінің мөлшері сатып алу сомасына және бонустық сақтандыру сомасына (мұндай бар болса) тең:

1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті жұқтырудың әсерімен;

2) әскери іс-қимылдармен, Сақтандырылушының әскери құралымдардағы қызметімен;

3) азаматтық соғыспен, әртүрлі халық толқуларымен, жаппай тәртіпсіздіктермен немесе ереуілдермен;

4) қажет қорғаныс жағдайында және аса қажет жағдайда жасалған әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оны болдыратын қасақана әрекеттерімен (растаушы құжаттар бар болғанда);

5) Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіпте қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық болып танылған, сақтандыру жағдайымен себепті байланыста болған әрекеттерімен;

6) Сақтандырылушының лицензиясы бар әуекомпаниясының әуе жолаушылар кемесінен басқа, кез келген ұшу аппаратында ұшуы;

7) медициналық мекеменің білікті дәрігері тағайындаған дәрілер қолданылатын жағдайды қоспағанда, Сақтандырылушының орташа және жоғары деңгейдегі алкогольді масандық жағдайда болуы, Сақтандырылушының есірткілік, токсикоманиялық немесе сақтандыру жағдайының басталуына алып келген немесе онымен себеп-салдарлық байланыстағы өзге де масандық жағдайында болуы;

8) маскүнемдікпен, алкоголь қолданатын себеп-салдар байланысы бар аурулармен, олардың дамуы алкогольді жүйелі түрді пайдаланумен байланысты;

9) Сақтандырылушының Сақтандыру қағидасында көзделген қауіпті (экстремалды) әрекеттерді жасауы;

10) егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыруға қабылданған кезде аталған ақпаратты бермеген болса және бұл ақпарат сақтандыру өтінішінде көрсетілмеген болса, кәсіби спорт түрімен шұғылдану.

103.Егер сақтандыру жағдайы келесі оқиғалардың нәтижесінде тікелей немесе жанама басталған болса, сақтандыру шартының үздіксіз әрекетінің алғашқы екі жылы ішінде сақтандыру төлемінің мөлшері "қайтыс болу" сияқты сақтандыру жағдайы басталған күнге сатып алу сомасына тең:

1) Сақтандырылушының өзіне-өзі қол жұмсауы немесе өзіне-өзі қол жұмсау әрекеті;

2) АИТВ-инфекциясы аурулары.

104."Сақтандырылушының сақтандыру мерзімінің соңына дейін өмір сүруі" сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасы және бонустық сақтандыру сомасы бар болса, оларды қосу арқылы анықталады.

105."Сақтандырылушының сақтандыру мерзімінің соңына дейін өмір сүруі" сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемінің орнына Сақтандырушы және Сақтанушы (Пайда алушы) арасында ескертілген мерзім ішінде және талаптарда Сақтандырушы бөліктермен жүзеге асыратын сақтандыру төлемін Сақтанушы (Пайда алушы) тағайындауға құқылы.

106.Егер сақтандыру шарты жасалғанда, сақтандыру жарнасының (сақтандыру сыйлықақысының) немесе сақтандыру сомасының қате аударылуына алып келетін, Сақтандырылушының туған күні және/немесе жынысы қате көрсетілген болса, онда сақтандыру төлемінің мөлшері нақты туған күннің және/немесе нақты жыныстың және аталған туған күннің және/немесе аталған жыныстың қатынастарына байланысты түзетілуі мүмкін.

19-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ, САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

107.Сақтанушы (Пайда алушы) өзіне сақтандыру жағдайының басталғаны туралы белгілі болғаннан кейін қалай болғанда да сақтандыру жағдайы басталған күннен бастап 40 (қырық) күнтізбелік күннен кешіктірмей, бұл туралы Сақтандырушыны тезарада хабардар етуге міндетті. Егер Сақтанушының (Пайда алушының) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы жоғарыда аталған мерзімде дәлелді себептермен хабардар ету мүмкіндігі болмаса, ол уақтылы хабардар етпеу себебі туралы жазбаша түсініктеме беруі тиіс және бар болса құжат бойынша растауы тиіс.

108.Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

109.Сақтандыру төлемін жүзеге асыруға құжаттарды алғаннан кейін Сақтандырушы Пайда алушыға (Сақтанушыға) қабылданған құжаттардың толық тізбесі көрсетілген анықтаманы ұсынады.

110.Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажет, жетпейтін құжаттар туралы хабарламаны жібереді.

111.Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етілген күннен бастап сақтандыру жағдайының басталған мән-жайын және себептерін тексеруге құқылы.

112.Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын және Сақтандыру қағидасында көзделген құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруды бастауға не оны жүзеге асырудан бас тарту туралы себептемелі шешімді ұсынуға міндетті.

113.Сақтандыру жағдайы бойынша қылмыстық іс қозғалған жағдайда, құқық қорғау органдары немесе сот тиісті шешім қабылдаған күнге дейін Сақтандырушы сақтандыру төлемін кейінге қалдыруға құқылы, бұл ретте Сақтандырушы Пайда алушыны сақтандыру төлемін жүзеге асыру мерзімдерін ұзарту қажеттілігі туралы хабардар етеді.

114.Сақтандыру төлемі Пайда алушы көрсеткен банк шотына жүргізіледі. Егер сақтандыру төлемінің ақшасын төлеу немесе аудару Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын болса, төлем немесе аударым шығысы Сақтандырушының есебінен жүзеге асырылады.

Біржолғы сақтандыру төлемінің орнына Сақтанушы (Пайда алушы) ескертілген мерзім ішінде Сақтандырушы жүзеге асыратын сақтандыру төлемін тағайындауға құқылы.

115.Егер Пайда алушы жасы он төртке жетпеген кәмелетке толмаған болса, онда сақтандыру төлемін алу құқығына Сақтандырушыға ұсынылатын растаушы құжаттар негізінде Пайда алушының кәмелетке толмаған өкілі ие болады. Егер Пайда алушы он төрттен он сегізге дейінгі жастағы кәмелетке толмаған болса, онда сақтандыру төлемін алу құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасында регламенттелген тәртіпте белгіленеді.

116.Сақтандыру төлемі жүзеге асырылған кезде, Сақтандырушы одан Сақтанушының сақтандыру төлемі жүзеге асырылатын күнге туындаған берешегінің мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.

20-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ

117.Сақтандырылушының сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде қайтыс болуы сияқты басталған сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:

- 1) барлық қосымшалары бар Сақтандыру полисінің түпнұсқасын;
- 2) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжатты, оның ЖСН;
- 3) Пайда алушының банктік деректемелерін: алушы банктің атауы, банк БСН, БСК, ЖСК, ағымдағы немесе карт-шотын;
- 4) Пайда алушының сақтандыру төлемін алу құқығын растайтын құжаттың нотариаттық куәландырылған көшірмесін (егер Сақтанушы сақтандыру шарты жасалғанда Пайда алушыны анықтамаған болса);
- 5) Сақтандырылушының қайтыс болғаны туралы куәліктің және қайтыс болғаны туралы анықтаманың нотариаттық куәландырылған көшірмесін;
- 6) Сақтандырылушының қайтыс болғаны туралы медициналық куәліктің (дәрігерлік) көшірмесін;
- 7) химиялық-токсикологиялық зерттеу нәтижелері бар қайтыс болу себептері мен жағдайлары туралы сот-медициналық сараптама немесе патологиялық анатомиялық зерттеу қорытындысының осы құжатты берген заңды тұлғаның мөрімен және қол қоюымен (егер сараптаманың немесе зерттеудің жүргізілуі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген болса) куәландырылған көшірмесін;
- 8) егер Сақтандырылушының қайтыс болуы ауруханада орын алған болса, Сақтандырылушының медициналық картасы (сырқатнама) үзінді көшірмесінің медициналық мекеме берген және дәрігердің қолымен және осы емдеу мекемесінің мөрімен куәландырылған көшірмесін;
- 9) амбулаториялық картаның мекеме берген мөрмен куәландырылған көшірмесін, бар болса.

118. Сақтандырушы сондай-ақ келесі құжаттарды сұратуға құқылы:

- 1) егер құқық қорғау органдары Сақтандырылушымен орын алған оқиға (жазатайым жағдай) дерегі бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қараған жағдайда, Сақтандырушы құқық қорғау органдарынан Сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына зиянның келтірілгенін тіркеу дерегі бойынша анықтаманы, ал сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімінде (СТБТ) тіркелген жағдайда – қылмыстық істің тоқтатылғаны туралы қаулыны немесе сот үкімін талап етуге құқылы;
- 2) егер сақтандыру жағдайы жол-көлік оқиғасы нәтижесінде басталған болса, жол-көлік оқиғасы материалдарының (оқиға орнын қарау хаттамасы, жол-көлік оқиғасының сызбасы, жол-көлік оқиғасы қатысушыларының түсініктемелері, мамандардың сараптама қорытындысын) мекеме берген мөрмен куәландырылған көшірмесін;
- 3) Сақтандырылушы өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде сақтандыру жағдайы басталған кезде – өндірістегі жазатайым жағдай туралы актіні немесе мұндай актінің нотариаттық куәландырылған көшірмесін;
- 4) Сақтандырушы сұратқан, сақтандыру жағдайына қатысты және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да құжаттарды.

119. Сақтандырылушының сақтандыру мерзімінің соңына дейін өмір сүруі сақтандыру жағдайы бойынша Сақтанушы Сақтандырушыға Полистің түпнұсқасын

(телнұсқасын), Сақтанушының жеке басын куәландыратын құжаттарды, соның ішінде Сақтанушының жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН, жеке басын куәландыратын құжатта болмаса), банктік деректемелері (алушы банктің атауы, банк БСН, БСК, ЖСК, ағымдағы немесе карт-шот) ұсынуға міндетті.

120.Пайда алушы Сақтандырушыға жеке басын куәландыратын құжаттарды және сақтандыру төлемін алу құқығын ұсынуға міндетті.

121.Сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін Сақтандырушыға осы Тарауда көрсетілген құжаттардың түпнұсқалары не олардың нотариаттық куәландырылған көшірмелері (егер өзгеше көзделмеген болса) ұсынылады. Сақтандырушының қарауымен осы құжаттарды берген немесе құжаттар көшірмелерінің нұсқалары бар заңды тұлғаның мөрімен және басшысының қол қоюымен куәландырылған құжаттардың көшірмелері ұсынылады.

122.Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) алған құжаттарды алған (қабылдаған) күнін көрсете отырып, тезарада тіркеуге міндетті. Сақтандырушы ұсынылған құжаттардың толық тізбесі мен олардың қабылданған күні көрсетілген анықтаманы беруге міндетті.

123.Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері осы Сақтандыру қағидасында көрсетілген барлық құжатты ұсынбаған кезде, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы бойынша шешім қабылдауға құқылы.

21-тарау. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ

124.Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына негіздеме келесілер болуы мүмкін:

1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрнекі жалған мәліметтерді, сондай-ақ сақтандыру қағидасына сәйкес Сақтандырушыға ұсынылуы тиіс өзге де мәліметтерді хабарлауы;

2) Сақтанушының сақтандыру жағдайы басталған мән-жайды тергеуде Сақтандырушыға кедергі келтіруі;

3) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 835-бабында белгіленген талаптарда сақтандыру қағидасында белгіленген мерзімде хабардар етпеу.

125.Сақтандырушы Сақтандыру қағидасының 124-тармағы 1) тармақшасына сәйкес Сақтандыру қағидасының 3-Бөлімінде көрсетілген оқиға бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартқан жағдайда, Сақтанушы (Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы болып табылатын Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда, Сақтанушының мұрагерлері) Сақтандыру шартын жасауға және орындауға байланысты Сақтандырушының Сақтандыру полисінде белгіленген сатып алу сомасынан 15 % (он бес пайыз) мөлшерінде қосымша шығысын шегере отырып, Сақтандыру полисінде белгіленген сатып алу сомасын алуға құқылы.

22-тарау. САҚТАНУШЫНЫ АУЫСТЫРУ

126.Сақтанушы сақтандыру шартында белгіленетін барлық құқықтар мен міндеттерді басқа тұлғаға оның, Сақтандырылушының және Сақтандырушының келісімімен табыстауға құқылы. Мұндай құқықтар мен міндеттерді табыстау үшін, Сақтанушының, Сақтандырылушының және Сақтандырушы құқықтық мирасқорының (Сақтанушының сақтандыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттерін қабылдайтын тұлға) қолы қойылған Сақтанушыны ауыстыру өтінішін Сақтандырушыға ұсыну қажет. Сақтандыру қағидасының талаптарына сәйкес сақтандыру шартына енгізілетін тиісті өзгертулер мен толықтырулар күшіне енген күннен бастап Сақтанушыны өзгерту жарамды болады.

127.Сақтандырылушы болып табылмайтын Сақтанушы қайтыс болған жағдайда, сақтандыру шартында анықталатын құқықтары мен міндеттері Сақтандырылушыға оның келісімімен өтеді. Сақтандырылушы сақтандыру шартының міндеттерін орындай алмаса, заңнамалық актілерге сәйкес оның құқықтары мен заңдық мүддесін қорғау міндеттерін жүзеге асыратын тұлғаларға оның құқықтары мен міндеттері ауысуы мүмкін.

128.Сақтандырылушы (заңнамалық актілерге сәйкес оның құқықтары мен заңдық мүддесін қорғау міндеттерін жүзеге асыратын тұлғалар) сақтандыру шарты бойынша құқықтар мен міндеттерді қабылдаудан бас тартқан кезде, Сақтанушы Сақтандырушыға жіберілетін жазбаша хабарламада алдын ала көрсеткен тұлға, ал мұндай хабарлама болмаған кезде, заңнамада көзделген тәртіпте Сақтанушының мұрагерлері сақтандыру шарты бойынша Сақтанушының құқықтық мирасқоры болып табылады.

23-тарау. САҚТАНДЫРЫЛУШЫ

129.Егер Сақтанушы Сақтандырылушы болмаса, онда Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтандырылушының сақтандыру шартын жасауға жазбаша келісімін ұсынуға міндетті.

130.Егер жасы он төртке жетпеген кәмелетке толмаған Сақтандырылушының (сақтандыру шарты жасалатын күнге) заңды өкілі Сақтанушы болса, осы Тараудың 129-тармағы талаптары қолданылмайды.

131.Сақтандыру шартында аталған Сақтандырылушы тұлға сақтандыру мерзімі аяқталғанға дейін басқа тұлғамен ауыстырылмайды.

24-тарау. ПАЙДА АЛУШЫ

132.Егер Сақтанушы Сақтандырылушы болып табылмаса, Сақтанушы сақтандыру арқылы қорғау кезеңінде болған "Сақтандырылушының қайтыс болуы" сақтандыру жағдайы бойынша Пайда алушыны Сақтандырылушының келісімімен сақтандыру өтінішінде тағайындайды.

133.Пайда алушы "Сақтандырылушының сақтандыру мерзімінің соңына дейін өмір сүруі" сақтандыру жағдайы бойынша Сақтанушы болып табылады.

134.Сақтандыру жағдайы басталғанға дейін Сақтанушы осы Тараудың 132-тармағында көрсетілген, Сақтандырушы болып табылмайтын Пайда алушыны

Сақтандырушының келісімімен басқа тұлғамен ауыстыруға құқылы. Сақтандырушы Сақтанушы мекенжайына ауыстыруға келісім туралы хат жібергеннен кейін Пайда алушыны ауыстыру Сақтанушының өтінішінде көрсетілген күннен бастап жарамды болады.

135.Пайда алушы Сақтанушымен жасалған келісімнен шығатын сақтандыру шарты бойынша белгіленген міндеттерді орындағаннан кейін немесе Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талап қойғаннан кейін Пайда алушы басқа тұлғамен ауыстырылмайды.

136.Сақтандырылушы болып табылмайтын Пайда алушы қайтыс болған жағдайда немесе ол өз құқықтарынан бас тартқан жағдайда, оның құқықтары Сақтанушыға ауысады, ал егер Сақтанушы Сақтандырылушы болып табылса, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Сақтанушының мұрагерлеріне ауысады.

137.Егер Пайда алушы және Сақтандырылушы біруақытта (бір күнде) қайтыс болса, онда сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі Пайда алушы барлық Сақтандырылушыдан бұрын қайтыс болғандай болады (осы Тараудың 136-тармағы).

25-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

138.Сақтандыру шартына енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар Сақтанушы Сақтандырушыға ұсынатын өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы өтініш негізінде жүзеге асырылады. Сақтандыру шарты әрекет ететін кезеңде Сақтандырылушы және сақтандыру мерзімі өзгертілмеуі тиіс.

139.Өтініш берілген күнге барлық сақтандыру жарнасы (сақтандыру сыйлықақысы) толық төленгенде, сондай-ақ Сақтандырушының мұндай енгізуге және (немесе) толықтыруға келісімі бар болған жағдайда, сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар жазбаша енгізіледі және Сақтандыру шарты күшіне енген болып есептеледі:

1) Полисте тікелей көрсетілген (көрсетілетін) мәліметтерге қатысты жаңартылған полис шығарылған күннен бастап;

2) Полисте көрсетілген (көрсетілетін) мәліметтерді қоспағанда, сақтандыру өтінішінде тікелей көрсетілген мәліметтерге қатысты Сақтандырушының келісімін растайтын құжатта көрсетілген күннен бастап, ал егер күні көрсетілмеген болса, Сақтандырушы шығыс құжатты тіркеген күннен бастап.

140.Жаңартылған полис осыған дейін шығарылған полиске немесе осыған дейін шығарылған полистің телнұсқасына ауыстырылады. Жаңартылған полис сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады және оны шығарған күннен кейін осыған дейін шығарылған полис (оны жоғалтып алған кезде, телнұсқа) күшін жоғалтады.

141.Сақтандыру шартында келесі талаптар өзгертілген жағдайда, полис жылдығы басталғанға дейін Жаңартылған полис шығарылады: сақтандыру жарнасының мөлшері, сақтандыру жарнасын төлеу кезеңділігі, сақтандыру сомасының мөлшері, сақтандырудың қосымша талаптарын қосу/алып тастау. Сақтандыру шартында Пайда алушы, Сақтанушы, Сақтанушының тұрғылықты жері, Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) жеке куәлік деректері, тегі

өзгертілген жағдайда, сондай-ақ Сақтанушы Сақтандыру қағидасында белгіленген жағдайларда сақтандыру жарнасын төлеуден босатылған жағдайда, Жаңартылған полис Сақтандыру шарты әрекет ететін кез келген уақытта шығарылуы мүмкін.

142.Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші бойынша бонустық сақтандыру сомасын белгілеген кезде, мөлшері және/немесе аталған төлемге байланысты өзге де қажет талаптары көрсетілетін қосымшасы бар Жаңартылған полис жіберіледі.

143.Егер сақтандыру шарты жасалғаннан кейін сақтандыру шартының талаптарына қатысты және оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу талаптарын белгілейтін жаңа заңнамалық актілер қабылданған болса немесе қолданысты заңнамалық актілер өзгертілген болса, Сақтандырушы сақтандыру шартына толықтырулар және/немесе өзгертулер енгізуге құқылы. Өзге жағдайларда, Сақтандырушы сақтандыру шартына толықтырулар мен/немесе өзгертулерді Сақтанушының келісімімен енгізуге құқылы.

144.Сақтандырушы сақтандыру шартына Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзгертулер мен (немесе) толықтыруларды біржақты тәртіпте енгізуге құқылы.

145.Егер жазбаша хабарламада өзге күні көрсетілмеген болса, Сақтандырушы Сақтанушыны сақтандыру шартының барлық өзгертулері күшіне енгенге дейін кемінде 30 күнтізбелік күн бұрын осы өзгертулер туралы хабардар етеді. Сақтанушы сақтандыру шартының өзгертулерімен келіспеген жағдайда, Сақтандырушының жазбаша хабардар ете отырып, Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Егер Сақтанушы өзгертулер туралы хабарлама жіберілгеннен кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушыны сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзатыны туралы хабардар етпесе, Сақтанушы өзгертулермен келісті деп есептеледі.

146.Егер Сақтанушы сақтандыру шартын Сақтандыру қағидасының 144-тармағында атап өтілген жағдайларға байланысты (талаптарды біржақты тәртіпте өзгерту) бұзатын болса, Сақтандыру қағидасының 16-тарауында белгіленген салдар басталады.

26-тарау. САҚТАНУШЫНЫҢ ОРНАЛАСҚАН НЕМЕСЕ ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРІНІҢ ӨЗГЕРУІ

147.Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру өтінішінде көрсетілген оның орналасқан немесе тұрғылықты мекенжайына хабарлама жібереді.

148.Сақтанушының орналасқан немесе тұрғылықты жері өзгертілген кезде, Сақтандырушыға жаңа мекенжайын онкүндік мерзімде хабарлауға міндетті. Басқалай жағдайда, тараптар алдыңғы орналасқан немесе тұрғылықты мекенжайына жіберілген хабарламаны орындаған (жарамды) болып есептеледі.

149.Егер Сақтанушының орналасқан немесе тұрғылықты жері Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде болса, онда Сақтанушы Сақтандырушыға Қазақстан Республикасында сенім білдірілген, Сақтанушыға хат-хабарлардың жеткізілуіне жауапты тұлғаны көрсетуге міндетті.

4-бөлім. ЖАЗАТАЙЫМ ЖАҒДАЙ НӘТИЖЕСІНДЕ САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫҢ ҚАЙТЫС БОЛУЫ ЖАҒДАЙЫНДА САҚТАНДЫРУ

27-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІ

150.Сақтандырылушының жазатайым жағдай басталған сәттен бастап алты ай ішінде, сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезінде қайтыс болуы Сақтандырылушының жазатайым жағдай нәтижесінде қайтыс болуы жағдайында сақтандыру талаптары бойынша сақтандыру жағдайы (сақтандыру тәуекелі) болып табылады.

28-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНА ЖАТПАЙТЫН ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕЙТІН ЖАҒДАЙЛАР

151.Сақтандырушы Сақтандыру қағидасының 21-тарауында көрсетілген сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатуға негізгі негіздерден бөлек, егер Сақтандырылушының қайтыс болуы Сақтандыру қағидасының 102-тармағында келтірілген мән-жайларға, сонымен қатар келесі жағдайлардың нәтижесінде тікелей немесе жанама басталған болса, , сақтандыру төлемін жүргізбейді:

- 1) кесіп алғанда немесе жарақаттанғанда туындайтын инфекцияны қоспағанда, бактериялық инфекция;
- 2) жазатайым жағдай нәтижесінде туындаған ауруларды қоспағанда, бұл ретте, егер мұндай жазатайым жағдайы сақтандыру арқылы қорғау кезеңінде басталған кезде ғана, кез келген аурумен;
- 3) жарықпен;
- 4) қояншық талмамен, жүрек ұстамасымен және апоплексия соғуымен.

29-тарау. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫНЫҢ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІ

152.Сақтандырылушының қайтыс болуына алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру сомасының мөлшері полисте көрсетіледі.

153.Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасына тең. Сақтандырылушының қайтыс болуына алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша бонустық сақтандыру сомасы сақтандыру төлеміне кірмейді және төленбеуі тиіс.

154.Егер Сақтандырылушының қайтыс болуы жазатайым жағдайға байланысты болған болса, сақтандыру төлемі өмірді аралас сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру төлеміне қосымша жүргізіледі және Сақтандырушы Сақтандыру қағидасының 30-тарауында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде біржолғы төлеммен жүзеге асырылады.

155.Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде Сақтандырушы одан Сақтанушының берешегі мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.

30-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

156.Сақтандыру жағдайының басталғанын растау үшін, Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға Сақтандыру қағидасының 20-тарауы 117, 118-тармақтарында көзделген құжаттарды ұсынуға міндетті.

157.Сақтанушы (Пайда алушы) немесе Сақтанушының (Пайда алушының) тапсырмасы бойынша өзге тұлға өз есебінен Сақтандырушының сұратуы бойынша осы Тараудың 156-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынуға, сондай-ақ сақтандыру жағдайының басталған мән-жайын тергеуде Сақтандырушыға көмек көрсетуге міндетті.

158.Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталған мән-жайын және себептерін тексеруге құқылы.

159.Сақтандырушы осы Тараудың 156-тармағында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Сақтандырылушының қайтыс болуына алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыруды бастауға немесе сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін жазбаша себептемелі бас тартуды ұсынуға міндетті.

160.Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) алған құжаттарды алған күнін көрсете (қабылдай) отырып, тезарада тіркеуге міндетті.

161.Сақтандырушы ұсынылған құжаттардың толық тізбесі мен оларды қабылдаған күндері көрсетілген анықтаманы беруге міндетті.

162.Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілі сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажет барлық құжатты ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажет, жетпейтін құжаттар туралы хабарламаны жібереді.

163.Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері осы Сақтандыру қағидасында көрсетілген барлық құжатты ұсынбаған кезде, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы бойынша шешім қабылдауға құқылы.

5-бөлім. ЖАЗАТАЙЫМ ЖАҒДАЙ НӘТИЖЕСІНДЕ САҚТАНДЫРЫЛУШЫҒА МҮГЕДЕКТІК БЕЛГІЛЕНГЕН ЖАҒДАЙДА САҚТАНДЫРУ

31-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІ

164.Сақтандыру шартының осы Тарауда көрсетілген талаптары бойынша сақтандыру арқылы қорғау кезеңінде басталған жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік белгіленген еңбекке қабілеттілігінен айырылуы Сақтандырылушыны мүгедектікке алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша

сақтандыру жағдайы (сақтандыру тәуекелі) болып табылады. Бұл ретте Сақтандырылушыға бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік жазатайым жағдай басталғаннан кейін 6 (алты) айдан кешіктірмей белгіленуі тиіс.

165.Еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін анықтау (мүгедектік тобы) қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады. Белгіленген сақтандыру шарты жасалғаннан кейін қабылданған, мүгедектікті анықтау жүргізілетін заңнамаға кез келген өзгертулер мен толықтырулар Сақтандырушының аталған шарт аясындағы жауапкершілігінің ұлғаюына алып келмейді.

166.Сақтандырылушының мүгедектік тобын, оның орын алған себептерін, мерзімін және уақытын анықтауды Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктерге және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғаларға еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін заңнамалық акті негізінде анықтауға уәкілеттігі бар мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті мемлекеттік орган) жүргізеді.

32-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНА ЖАТПАЙТЫН ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕЙТІН ЖАҒДАЙЛАР

167.Сақтандырушы Сақтандыру қағидасының 21-тарауында көрсетілген сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың өзге де негіздерінен басқа, егер жазатайым жағдай Сақтандыру қағидасының 102-тармағында келтірілген мән-жайларға, сонымен қатар келесі жағдайлармен тікелей немесе жанама байланысты болса, сақтандыру төлемін жүргізбейді:

- 1) кесіп алғанда немесе жарақаттанғанда туындайтын инфекцияны қоспағанда, бактериялық инфекция;
- 2) жазатайым жағдай нәтижесінде туындаған ауруларды қоспағанда, бұл ретте, егер мұндай жазатайым жағдайы сақтандыру арқылы қорғау кезеңінде басталған кезде ғана, кез келген аурумен;
- 3) өзін-өзі өлтіру әрекеті.

168.Егер бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік жазатайым жағдай орын алғаннан соң және/немесе сақтандыру арқылы қорғау әрекеті аяқталғаннан соң 6 (алты) ай ішінде өткеннен кейін белгіленген болса, жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушыға аталған мүгедектік белгіленуі сақтандыру жағдайы болып табылмайды.

33-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

169.Сақтандыру жағдайының басталғанын растау үшін, Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:

- 1) Сақтандыру полисінің көшірмесін;
- 2) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжатты, оның ЖСН;
- 3) Пайда алушының банктік деректемелерін, банк БСН, БСК, ЖСК, ағымдағы немесе карт-шотын;

4) сақтандыру жағдайының белгілері, себептері бар оқиғаның басталғанын растайтын тиісті құзыретті органдардың құжаттарын (өрт сөндіру қызметтері, құқық қорғау органдары);

5) Сақтандырылушы өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде сақтандыру жағдайы басталған кезде – еңбек қызметімен байланысты жазатайым жағдай туралы актіні немесе мұндай актінің нотариаттық куәландырылған көшірмесін;

6) Сақтандырылушының мүгедектігі туралы уәкілетті мемлекеттік органның нотариаттық куәландырылған анықтамасын;

7) Сақтандырылушының медициналық мекеме берген медициналық картаның үзінді көшірмесін немесе берген мекеменің мөрімен куәландырылған үзінді көшірменің көшірмесін;

8) амбулаториялық картаның берген мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмесін, бар болса;

9) рентгенологтың рентген-кескінді сипаттауы немесе таныстыру үшін рентген-кескінді (бар болса).

170.Сақтандырушы сондай-ақ келесі құжаттарды сұратуға құқылы:

1) берген мекеменің мөрімен куәландырылған профилактикалық және медициналық тексеру қорытындысын, бар болса;

2) уақытша еңбекке жарамсыздық парағын, бар болса;

3) Сақтандыру қағидасының 20-тарауы 118-тармағында көзделген құжаттарды.

171.Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандырушының сұратуы бойынша Сақтандырылушының денсаулығы жағдайы туралы анықтаманы дәрігерлердің, күтімді жүзеге асыратын тұлғалардың, медициналық мекеменің және уәкілетті мемлекеттік орган қызметкерлерінің беруіне уәкілеттік беруге міндетті.

172.Сақтандырылушы мүгедектікті емдеуге және оңалтуға жағдай жасау мақсатында тексеруші және емдеуші дәрігерлердің нұсқауларын орындауға міндетті.

173.Сақтандырушы құқылы:

1) сақтандыру жағдайының басталған мән-жайын және себептерін тексеруге;

2) Сақтандырылушының денсаулығы жағдайы және уәкілетті мемлекеттік органның қайта куәландыру нәтижелері туралы анықтаманы кез келген уақытта талап етуге;

3) Сақтандырылушыға Сақтандырушы тағайындаған дәрігерлердің қосымша медициналық тексеру, соның ішінде мемлекеттік уәкілеттік орган белгілеген мүгедектік топты тексеру үшін Сақтандырушының есебінен (егер Сақтандырылушы Қазақстан Республикасынан тыс болса, көлік шығысын қоспағанда) жылына бір реттен артық болмайтын мөлшерде өткізуге;

4) медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясы қызметкерлерінің негізделмеген қорытындысына және/немесе мемлекеттік уәкілетті орган қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте мүгедектік туралы құжаттарды заңсыз бергеніне шағым беруге.

174.Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) алған құжаттарды алған (қабылдаған) күнін көрсете отырып, тезарада тіркеуге міндетті. Сақтандырушы Сақтанушыға (Пайда алушыға) ұсынылған құжаттардың толық тізбесі және олардың қабылданған күні көрсетілген анықтаманы беруге міндетті.

175.Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажет құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажет, жетпейтін құжаттар туралы хабарламаны жібереді.

176.Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері осы Сақтандыру қағидасында көрсетілген барлық құжатты ұсынбаған кезде, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы бойынша шешім қабылдауға құқылы.

34-тарау. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫНЫҢ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ.

177.Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушыға бірінші немесе екінші топтағы мүгедектіктің белгіленуіне алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру сомасының мөлшері Полисте көрсетіледі.

178.Сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушыға бірінші топтағы мүгедектік белгіленген кезде сақтандыру төлемінің мөлшері Негізгі бағдарламасы бойынша сақтандыру сомасының 80 % (сексен пайызға) тең. Сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушыға екінші топтағы мүгедектік белгіленген кезде сақтандыру төлемінің мөлшері Негізгі бағдарламасы бойынша сақтандыру сомасының 50 % (елу пайызына) тең.

179.Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушыға бірінші немесе екінші топтағы мүгедектіктің белгіленуіне алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша бонустық сақтандыру сомасы сақтандыру төлеміне кірмейді және төленбеуі тиіс.

180.Сақтандырушы Сақтандыру қағидасының 33-тарауында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру шартының осы қосымша талаптары бойынша сақтандыру төлемі біржолғы төлеммен жүзеге асырылады.

181.Сақтандыру төлемі Сақтандырылушының жазатайым жағдайдан алғашқы белгіленген мүгедектігі бойынша жүзеге асырылады. Сақтандырудың осы қосымша талаптары бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін пайдаға қатысатын өмірді аралас (жинақтаушы) сақтандыруға қатысты сақтандыруға байланысты сақтандырудың осы талаптарының, сондай-ақ сақтандырудың өзге де қосымша талаптарының әрекеті тоқтатылады (мұндай бар болса). Бұл ретте Сақтанушы Негізгі бағдарлама бойынша сатып алу сомасын алады.

182.Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде Сақтандырушы одан Сақтанушының берешегі мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.

6-бөлім. САҚТАНДЫРЫЛУШЫҒА ДЕНЕ ЖАРАҚАТЫНЫҢ КЕЛТІРІЛУІН АЛЫП КЕЛГЕН ЖАЗАТАЙЫМ ЖАҒДАЙДАН САҚТАНДЫРУ

35-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІ

183.Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушыға сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде келтірілген дене жарақаты Сақтандырылушыға дене жарақатының келтірілуіне алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру жағдайы (сақтандыру тәуекелі) болып табылады.

36-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНА ЖАТПАЙТЫН ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕЙТІН ЖАҒДАЙЛАР

184.Сақтандырушы Сақтандыру қағидасының 21-тарауында көрсетілген сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың өзге де негіздерінен басқа, егер дене жарақаты сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде басталса және Сақтандыру қағидасының 102-тармағында келтірілген мән-жайларға, сонымен қатар келесі жағдайлармен тікелей немесе жанама байланысты болса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:

1) жазатайым жағдай нәтижесінде туындаған ауруларды қоспағанда, бұл ретте, егер мұндай жазатайым жағдайы сақтандыру арқылы қорғау кезеңінде басталған кезде ғана, кез келген аурумен;

2) жарықпен;

3) қояншық талмамен, жүрек ұстамасымен және апоплексия соғуымен;

4) өзін-өзі өлтіру әрекеті;

5) бактериалды инфекция, кесіп алу немесе жарақаттанудан туындайтын инфекция да кіреді

185.Сақтандырушы "Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесінде" ескертілген тек дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

186.Сақтандырушы "Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесінде" ескертілмеген дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

187."Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесі" сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

37-тарау. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫНЫҢ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІ

188.Сақтандырылушыға дене жарақатының келтірілуіне алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыруға қатысты сақтандыру сомасының мөлшері полисте көрсетіледі. Сақтандырылушыға дене жарақатының келтірілуіне алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша бонустық сақтандыру сомасы сақтандыру төлеміне кіргізілмейді және төленбеуі тиіс.

189.Сақтандыру сомасының мөлшері Сақтандырылушыға дене жарақатының келтірілуіне алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыру бойынша осыған дейін жүргізілген сақтандыру төлемінің (жүргізілген сақтандыру төлемінің) сомасына, сақтандыру жағдайы орын алған сақтандырудың белгіленген жылы ішінде автоматты түрде азайтылады. Сақтандыру сомасының мөлшері сақтандырудың келесі жылы басталатын күнге толық көлемде қалпына келтірілуі тиіс.

190.Сақтандырушы Сақтандырылушыға дене жарақатының келтірілуіне алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыру бойынша сақтандыру төлемінің мөлшерін "Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесіне" сәйкес полисте көрсетілген сақтандыру сомасының пайыздарымен анықталады.

191.Бір жазатайым жағдай нәтижесінде басталған және "Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің" бір бөлімінде ескертілген бірнеше дене жарақаты болған жағдайда, сақтандыру төлемі сақтандыру төлемінің мөлшері ең үлкен жарақатты көздейтін тармаққа сәйкес жүргізіледі.

192.Бір жазатайым жағдай нәтижесінде басталған және "Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің" әртүрлі бөлімдерінде ескертілген бірнеше дене жарақаты болған жағдайда, сақтандыру төлемі әрбір дене жарақаты бойынша бөлек жүргізіледі, бірақ сақтандыру төлемдерінің сомасы сақтандыру сомасының мөлшерінен аспайды.

193."Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесінің" бір тармағында көрсетілген бір немесе бірнеше дене жарақаты болған жағдайда, сақтандыру төлемі дене жарақаттарының санына қарамастан, аталған тармаққа сәйкес біржолғы белгіленген мөлшерде жүргізіледі.

194.Сақтандыру төлемінің мөлшері дене жарақаты болған жағдайда аяқ-қолдың бір мүшесіне белгіленген (егер "Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдері кестесінде" өзгеше ескертілмеген болса), аяқ-қолдың екі мүшесінің ұқсас дене жарақаты болған жағдайда, сақтандыру төлемінің мөлшері екі еселенеді.

195.Кез келген жағдайда, барлық сақтандыру төлемінің жалпы мөлшері аталған қосымша талапта белгіленген сақтандыру сомасының мөлшерінен аспайды.

196.Сақтандырушы Сақтандыру қағидасының 38-тарауында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Сақтандыру шартының осы қосымша талаптары бойынша сақтандыру төлемі біржолғы төлеммен жүзеге асырылады.

197.Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде Сақтандырушы одан Сақтанушының берешегі мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.

38-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ (ПАЙДА АЛУШЫНЫҢ) ӘРЕКЕТТЕРІ ЖӘНЕ ТАРАПТАРДЫҢ ӨЗАРА ҚАТЫНАСТАРЫНА ҚАТЫСТЫ ӨЗГЕ ДЕ ЕРЕЖЕ

198.Сақтандыру жағдайының басталғанын растау үшін, Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:

- 1) Сақтандыру полисінің көшірмесін;
- 2) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжатты, оның ЖСН;
- 3) Пайда алушының банктік деректемелерін, банк БСН, БСК, ЖСК, ағымдағы немесе карт-шотын;
- 4) сақтандыру жағдайының белгілері, себептері бар оқиғаның басталғанын растайтын тиісті құзыретті органдардың құжаттарын (өрт сөндіру қызметтері, құқық қорғау органдары);
- 5) Сақтандырылушы өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде сақтандыру жағдайы басталған кезде – еңбек қызметімен байланысты жазатайым жағдай туралы актіні немесе мұндай актінің нотариаттық куәландырылған көшірмесін;
- 6) травматологиялық пункт анықтамасын немесе медициналық мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмесін;
- 7) медициналық мекеме берген және дәрігердің қолымен, осы мекеменің мөрімен куәландырылған медициналық картаның (сырқатнама) үзінді көшірмесін;
- 8) амбулаториялық картаның мекеме берген мөрмен куәландырылған көшірмесін;
- 9) рентгенологтың рентген-кескінді сипаттауы немесе таныстыру үшін рентген-кескінді (бар болса).

199.Сақтандырушы келесі құжаттарды сұратуға құқылы:

- 1) уақытша еңбекке жарамсыздық парағын;
- 2) Сақтандыру қағидасының 20-тарауы 118-тармағында көзделген құжаттарды.

200.Сақтандырылушы Сақтандырушының сұратуы бойынша Сақтандырылушының денсаулығы жағдайы туралы анықтаманы дәрігерлердің, күтімді жүзеге асыратын тұлғалардың, медициналық мекеменің және уәкілетті мемлекеттік орган қызметкерлерінің беруіне уәкілеттік беруге міндетті.

201.Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Сақтанушының (Сақтандырылушының) тапсырмасы бойынша өзге тұлға Сақтандырушының сұратуы бойынша осы Тараудың 198-200-тармақтарында көрсетілген құжаттарды ұсынуға, сондай-ақ сақтандыру жағдайының басталған мән-жайын тергеуде Сақтандырушыға көмек көрсетуге міндетті.

202.Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) алған құжаттарды алған (қабылдаған) күнін көрсете отырып, тезарада тіркеуге міндетті. Сақтандырушы Сақтанушыға (Пайда алушыға) ұсынылған құжаттардың толық тізбесі және олардың қабылданған күні көрсетілген анықтаманы беруге міндетті.

203.Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажет құжаттарды ұсынбаған жағдайда,

Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажет, жетпейтін құжаттар туралы хабарламаны жібереді.

204.Сақтандыру төлемі Сақтанушы (Пайда алушы) көрсеткен банк шотына жүргізіледі. Егер сақтандыру төлемін төлеу немесе аудару Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын болса, төлем немесе аударым шығысы Сақтандырушының есебінен жүзеге асырылады.

205.Сақтандыру төлемі жүзеге асырылған кезде, Сақтандырушы одан Сақтанушының берешегі мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.

206.Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері осы Тарауда көрсетілген барлық құжатты ұсынбаған кезде, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы бойынша шешім қабылдауға құқылы.

39-тарау. ПАЙДА АЛУШЫ

207.Сақтандырылушыға дене жарақатының келтірілуіне алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыру талаптары бойынша Пайда алушы Сақтандырылушы болып табылады.

7-бөлім. САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫҢ УАҚЫТША ЕҢБЕККЕ ЖАРАМСЫЗДЫҒЫНА АЛЫП КЕЛГЕН ЖАЗАТАЙЫМ ЖАҒДАЙДАН САҚТАНДЫРУ

40-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

208.Сақтандырылушының уақытша еңбекке жарамсыздығына алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру жағдайы Сақтандырылушыға жазатайым жағдай нәтижесінде уақытша еңбекке жарамсыздығының белгіленуі болып табылады.

209.Уақытша еңбекке жарамсыздықты анықтау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

41-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНА ЖАТПАЙТЫН ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕЙТІН ЖАҒДАЙЛАР

210.Сақтандырушы Сақтандыру қағидасының 21-тарауында көрсетілген сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың өзге де негіздерінен басқа, егер уақытша еңбекке жарамсыздық сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде басталса және Сақтандыру қағидасының 102-тармағында келтірілген мән-жайларға, сонымен қатар келесі жағдайлармен тікелей немесе жанама байланысты болса, растаушы құжаттар бар болғанда, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:

1) жазатайым жағдай нәтижесінде туындаған ауруларды қоспағанда, бұл ретте, егер мұндай жазатайым жағдайы сақтандыру арқылы қорғау кезеңінде басталған кезде ғана, кез келген аурумен;

- 2) жарықпен;
- 3) қояншық талмамен, жүрек ұстамасымен және апоплексия соғуымен;
- 4) өзін-өзі өлтіру әрекеті;
- 5) бактериалды инфекция, кесіп алу немесе жарақаттанудан туындайтын инфекция да кіреді.

42-тарау. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫНЫҢ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ

211.Сақтандырылушыға уақытша еңбекке жарамсыздығының белгіленуіне алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыруға қатысты сақтандыру сомасының мөлшері Сақтандыру полисінде көрсетіледі. Сақтандырылушыға уақытша еңбекке жарамсыздығының белгіленуіне алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша бонустық сақтандыру сомасы сақтандыру төлеміне кіргізілмейді және төленбеуі тиіс.

212.Сақтандыру қағидасының 7-бөлімінде көрсетілген қосымша талап бойынша сақтандыру сомасының мөлшері Сақтандырылушының уақытша еңбекке жарамсыздығына (бар болса) алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыру бойынша осыған дейін жүргізілген сақтандыру төлемінің (жүргізілген сақтандыру төлемінің) сомасына, сақтандыру жағдайы орын алған сақтандырудың белгіленген жылы ішінде автоматты түрде азайтылады. Бұл ретте, сақтандыру сыйлықақысы төленген кезде, қосымша талап бойынша сақтандыру сомасының мөлшері сақтандырудың келесі жылы басталатын күнге толық көлемде қалпына келтірілуі тиіс.

213.Сақтандыру төлемінің мөлшері 7 (жетінші) күнтізбелік күннен бастап емдеуде болған әрбір күнтізбелік күн үшін аталған сақтандыру өтемінің сақтандыру сомасынан 0,2 % (нөл бүтін оннан бір пайыз), бірақ бір жазатайым жағдайдың басталуына байланысты 60 (алпыс) күнтізбелік күннен көп емес.

214.Сақтандырушы Сақтандыру қағидасының 43-тарауында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру шартының осы қосымша талаптары бойынша сақтандыру төлемі біржолғы төлеммен жүзеге асырылады.

43-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

215.Сақтандыру жағдайының басталғанын растау үшін, Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:

- 1) Сақтандыру полисінің көшірмесін, полис қосымшасын;
- 2) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжатты, оның ЖСН;
- 3) Пайда алушының банктік деректемелерін, банк БСН, БСК, ЖСК, ағымдағы немесе карт-шотын;
- 4) сақтандыру жағдайының белгілері, себептері бар оқиғаның басталғанын растайтын тиісті құзыретті органдардың құжаттарын (өрт сөндіру қызметтері, құқық

қорғау органдары);

5) Сақтандырылушы өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде сақтандыру жағдайы басталған кезде – еңбек қызметімен байланысты жазатайым жағдай туралы актіні немесе мұндай актінің нотариаттық куәландырылған көшірмесін;

6) травматологиялық пункт анықтамасын немесе медициналық мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмесін;

7) амбулаториялық картаның мекеме берген мөрмен куәландырылған көшірмесін;

8) уақытша еңбекке жарамсыздық парағын;

9) медициналық мекеме берген және дәрігердің қолымен, осы мекеменің мөрімен куәландырылған медициналық картаның (сырқатнама) үзінді көшірмесін;

10) рентгенологтың рентген-кескінді сипаттауы немесе таныстыру үшін рентген-кескінді (бар болса).

216.Сақтандырушы Сақтандыру қағидасының 20-тарауы 118-тармағында көзделген келесі құжаттарды сұратуға құқылы.

217.Сақтандырылушы Сақтандырушының сұратуы бойынша Сақтандырылушының денсаулығы жағдайы туралы анықтаманы дәрігерлердің, күтімді жүзеге асыратын тұлғалардың, медициналық мекеменің және уәкілетті мемлекеттік орган қызметкерлерінің беруіне уәкілеттік беруге міндетті.

218.Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Сақтанушының (Сақтандырылушының) тапсырмасы бойынша өзге тұлға Сақтандырушының сұратуы бойынша жоғарыда аталған құжаттарды ұсынуға, сондай-ақ сақтандыру жағдайының басталған мән-жайын тергеуде Сақтандырушыға көмек көрсетуге міндетті.

219.Сақтандырушы осы Тараудың 215-217 тармақтарында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруды бастауға не оны жүзеге асырудан бас тарту туралы себептемелі шешімді ұсынуға міндетті.

220.Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) алған құжаттарды алған (қабылдаған) күнін көрсете отырып, тезарада тіркеуге міндетті. Сақтандырушы Сақтанушыға (Пайда алушыға) ұсынылған құжаттардың толық тізбесі және олардың қабылданған күні көрсетілген анықтаманы беруге міндетті.

221.Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажет құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажет, жетпейтін құжаттар туралы хабарламаны жібереді.

222. Сақтандыру төлемі Сақтанушы (Пайда алушы) көрсеткен банк шотына жүргізіледі. Егер сақтандыру төлемін төлеу немесе аудару Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын болса, төлем немесе аударым шығысы Сақтандырушының есебінен жүзеге асырылады.

223.Сақтандыру төлемі жүзеге асырылған кезде, Сақтандырушы одан Сақтанушының берешегі мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.

224.Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері осы Тарауда көрсетілген барлық құжатты ұсынбаған кезде, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы бойынша шешім қабылдауға құқылы.

44-тарау. ПАЙДА АЛУШЫ

225.Сақтандырылушыға уақытша еңбекке жарамсыздығының белгіленуіне алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыру талаптары бойынша Пайда алушы Сақтандырылушы болып табылады.

8-бөлім. САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫҢ АУРУХАНАҒА ЖАТҚЫЗЫЛУЫНА АЛЫП КЕЛГЕН ЖАЗАТАЙЫМ ЖАҒДАЙДАН САҚТАНДЫРУ

45-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

226.Сақтандырылушының ауруханаға жатқызылуына алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру жағдайы Сақтандырылушыға жазатайым жағдай нәтижесінде сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде шұғыл медициналық көрсеткіштер бойынша ауруханаға жатқызылуы (емдеу мекемесінде ауруханаға жатып емделуі) болып табылады.

46-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНА ЖАТПАЙТЫН ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕЙТІН ЖАҒДАЙЛАР

227.Сақтандырушы Сақтандыру қағидасының 21-тарауында көрсетілген сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың өзге де негіздерінен басқа, егер ауруханаға жатқызу сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде басталса және Сақтандыру қағидасының 102-тармағында келтірілген мән-жайларға, сонымен қатар келесі жағдайлармен тікелей немесе жанама байланысты болса, растаушы құжаттар бар болғанда, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:

- 1) жарықпен;
- 2) қояншық талмамен, жүрек ұстамасымен және апоплексия соғуымен;
- 3) өзін-өзі өлтіру әрекеті;
- 4) бактериалды инфекция, кесіп алу немесе жарақаттанудан туындайтын инфекция да кіреді;
- 5) кез келген сырқаттануда, оларға қайғылы оқиға салдарынан туындаған сырқаттану кірмейді, ол айырықша түрде қайғылы оқиға сақтандыру қорғанысы қолданысы кезеңінде болуы тиіс шарттарында қолданылады.

47-тарау. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫНЫҢ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ

228. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының ауруханаға жатқызылуына алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру сомасының мөлшері Сақтандыру полисінде көрсетіледі.

229. Сақтандыру қағидасының 8-бөлімінде көрсетілген қосымша талап бойынша сақтандыру сомасының мөлшері Сақтандырылушының ауруханаға жатқызылуына алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыру бойынша осыған дейін жүргізілген сақтандыру төлемінің (жүргізілген сақтандыру төлемінің) сомасына, сақтандыру жағдайы орын алған сақтандырудың белгіленген жылы ішінде автоматты түрде азайтылады. Бұл ретте, сақтандыру сыйлықақысы төленген кезде, Сақтандыру қағидасының 8-бөлімінде көрсетілген қосымша талап бойынша сақтандыру сомасының мөлшері сақтандырудың келесі жылы басталатын күнге толық көлемде қалпына келтірілуі тиіс.

230. Сақтандыру төлемінің мөлшері ауруханаға жатқызылған 7 (жетінші) күнтізбелік күннен бастап тұрақты емделуде болған әрбір күнтізбелік күн үшін сақтандыру сомасынан 0,2 % (нөл бүтін оннан бір пайызға) тең. Бір жазатайым жағдайдың басталуына байланысты ауруханаға жатқызу бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде ең көп күн саны 60 (алпыс) күнтізбелік күн.

231. Сақтандыру шартының осы қосымша талаптары бойынша сақтандыру төлемі Сақтандырушы Сақтандыру қағидасының 48-Тарауында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде біржолғы төлеммен жүзеге асырылады.

48-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

232. Сақтандыру жағдайының басталғанын растау үшін, Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:

- 1) Сақтандыру полисінің көшірмесін;
- 2) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжатты, оның ЖСН;
- 3) Пайда алушының банктік деректемелерін, банк БСН, БСК, ЖСК, ағымдағы немесе карт-шотын;
- 4) сақтандыру жағдайының белгілері, себептері бар оқиғаның басталғанын растайтын тиісті құзыретті органдардың құжаттарын (өрт сөндіру қызметтері, құқық қорғау органдары);
- 5) Сақтандырылушы өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде сақтандыру жағдайы басталған кезде – еңбек қызметімен байланысты жазатайым жағдай туралы актіні немесе мұндай актінің нотариаттық куәландырылған көшірмесін;
- 6) травматологиялық пункт анықтамасын немесе медициналық мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмесін;

7) травматологиялық пункт анықтамасын немесе оның медициналық мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмесін;

8) амбулаториялық картаның мекеме берген мөрмен куәландырылған көшірмесін;

9) уақытша еңбекке жарамсыздық парағын;

10) Сақтандырушының талап етуімен Сақтандырылушының денсаулығы жағдайы туралы қажет қосымша ақпаратты. Сақтандырушы кез келген емдеу және басқа мекемелерде сақтандыру төлемінің мәселесін шешуге қажет медициналық құжаттаманы өз бетінше сұратуға құқылы.

233.Сақтандыру қағидасының 20-тарауы 118-тармағында көзделген құжаттарды сұратуға міндетті.

234.Сақтандырылушы Сақтандырушының сұратуы бойынша Сақтандырылушының денсаулығы жағдайы туралы анықтаманы дәрігерлердің, күтімді жүзеге асыратын тұлғалардың, медициналық мекеменің және уәкілетті мемлекеттік орган қызметкерлерінің беруіне уәкілеттік беруге міндетті.

235.Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Сақтанушының (Сақтандырылушының) тапсырмасы бойынша өзге тұлға Сақтандырушының сұратуы бойынша жоғарыда көрсетілген құжаттарды ұсынуға, сондай-ақ сақтандыру жағдайының басталған мән-жайын тергеуде Сақтандырушыға көмек көрсетуге міндетті.

236.Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) алған құжаттарды алған (қабылдаған) күнін көрсете отырып, тезарада тіркеуге міндетті. Сақтандырушы Сақтанушыға (Пайда алушыға) ұсынылған құжаттардың толық тізбесі және олардың қабылданған күні көрсетілген анықтаманы беруге міндетті.

237.Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажет құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажет, жетпейтін құжаттар туралы хабарламаны жібереді.

238.Сақтандыру төлемі Сақтанушы (Пайда алушы) көрсеткен банк шотына жүргізіледі. Егер сақтандыру төлемін төлеу немесе аудару Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын болса, төлем немесе аударым шығысы Сақтандырушының есебінен жүзеге асырылады.

239.Сақтандыру төлемі жүзеге асырылған кезде, Сақтандырушы одан Сақтанушының берешегі мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.

240.Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері осы Тарауда көрсетілген барлық құжатты ұсынбаған кезде, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы бойынша шешім қабылдауға құқылы.

49-тарау. ПАЙДА АЛУШЫ

241.Сақтандырылушының ауруханаға жатқызылуына алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыру талаптары бойынша Пайда алушы Сақтандырылушы болып табылады.

9-бөлім. САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫҢ АУЫР СЫРҚАТТАНУЫ ЖАҒДАЙЫНДА САҚТАНДЫРУ

50-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІ

242.Сақтандырылушының Сақтандыру шарты әрекеті басталатын күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен ерте болмайтын мерзімде, бұл ретте егер ауру анықталған сәттен бастап Сақтандырылушы 30 (отыз) күнтізбелік күн өмір сүрген болса, алғаш рет анықталған және Сақтандыру қағидасының 51-Тарауында көрсетілген ауыр сырқатын анықтауға сәйкес келетін ауыр сырқат сақтандыру жағдайы болып табылады.

51-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНА ЖАТАТЫН АУЫР СЫРҚАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ (БЕЛГІЛЕРІ)

243.Миокард инфарктісі – қанмен қамтамасыз етудің жетіспеушілігі нәтижесінде миокард жерінің жансыздануы. Диагноз барлық үш белгінің бар болуымен негізделуі тиіс: Сыртартқыда кеуде тұсындағы әдеттегі аурулардың бар болуы; ЭКГ әдеттегі жаңа өзгерістері, мысалы: ST сегментінің немесе сипаттамалық динамикасы бар Т тістешесінің өзгеруі, патологиялық, тұрақты сақталатын Q тістешесін қалыптастыру; қандағы кардиологиялық айрықша ферменттері белсенділігінің әдеттегі артуы. Диагнозды және бұл тексерістерді білікті дәрігер (кардиолог) растауы тиіс.

244.Бақылаусыз өскен қатерлі ісік ретінде, қалыпты тіндегі метастаздың және инвазияның бар болуымен гистологиялық бағаланатын бір немесе бірнеше ісіктің дамуын болдырған қатерлі ісік, лейкомия, лимфа жүйесінің қатерлі аурулары, соның ішінде Ходжкин ауруы, келесілерді қоспағанда:

- 1) ішке енбеген рак – in situ;
- 2) қатерлік ісік алдындағы ауру ретінде гистологиялық сипатталған аурулар;
- 3) терінің қатерлі ісігі және меланома, олардың ең үлкен қалыңдығы гистологиялық қорытындыға сәйкес 1,5 (бір жарым) мм кем немесе TNM жіктегіші бойынша T3N(0)M(0) даму деңгейінен аспайды;
- 4) бүртікті торлы қабатқа енбейтін кез келген басқа ісік;
- 5) терінің барлық гиперкератозы немесе тіректік-жасушалы карцинома;
- 6) басқа мүшеге өсуі болмаған кезде, терінің барлық эпителиалды-жасушалы қатерлі ісігі;
- 7) Капоши саркомасы және АИТВ инфекциясымен немесе ЖИТС-қа ұқсас басқа да ісіктер;

8) TNM жіктегіші бойынша T1 (соның ішінде T1a, 1b, 1c) сатысындағы қуықалды без қатерлі ісігі;

9) АИТВ-инфекции және/немесе ЖИТС бар болса қатерлік ісіктер,

10) цервикалды интраэпителиалды неоплазияның барлық сатысы.

245.Жантәсілім сатысындағы екі бүйрек жұмысының созылмалы қайтымсыз бұзылуын сипаттайтын бүйректік жетімсіздік, бұл тұрақты бүйректік диализдің қолданылуын (қан тазарту немесе ішастар диализ) немесе донорлық бүйректің ауыстырып қондырылуын қажет етеді.

246.Мидағы қан айналымының және туыстық синдромдардың өткінші ишемиялық бұзылуын, бас миының травматикалық зақымдануын, бас ауруы нәтижесінде туындайтын неврологиялық белгілерді қоспағанда, ұзақтығы 24 (жиырма төрт) сағаттан артық неврологиялық симптоматиканы (мотор және сенсор қызметтердің бұзылуы) тудыра алатын және ми тінінің жансыздануы, диагноз қойылғаннан кейін 3 (үш) ай ішінде ми инфарктісін тудыратын, қалған құбылыстардың (неврологиялық симптоматика) сақталуына алып келген геморрагия және эмболия кіретін инсульт (ми инфаркты).

247.Қолқа тармақтарының ауруларын хирургиялық емдеуді қоспағанда, қолқаның ақауы бар жерін кесіп алып тастау және трансплантпен ауыстыру арқылы қолқаның созылмалы ауруларын емдеу мақсатында, қолқаның кеуде және/немесе іштік бөлігін хирургиялық жолмен емдеу.

248.Өткерген ауру немесе сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде орын алған жазатайым жағдай салдарынан екі көздің көру мүмкіндігін толық, тұрақты және қайтасымсыз жоғалтуы.

249.Вальвулотомияны, вальвулопластиканы және клапандарды ауыстырып орналастырусыз (ауыстырусыз) жүргізілетін емдеудің басқа да түрлерін қоспағанда, осы жағдайлардың тарылуының/жетіспеушілігінің немесе тәсілдерінің дамуы салдарынан жүректің қолқалық, қос жармалы, трикуспидалды немесе пульмоналды клапандарын ұқсас жасанды клапандармен хирургиялық жолмен ауыстыру.

250.Басқа органдарды және тінді ауыстырып қондыруды қоспағанда, жүрек, өкпе, бауыр, ұйқы безі, ащы ішек, бүйрек немесе сүйек майы сияқты өмірлік маңызы бар органдарды ауыстырып қондыру.

251.Жұлын-ми сұйықтығындағы сипатты белгілері мен магнитті-резонанс томография кезінде тіркелетін айрықша зақымдары бар 6 (алты) ай ішінде мотор және сенсорлық қызметтерді миелинсіздендірудің әдеттегі белгілері және бұзушылықтары болатын шашыранды склероз.

252.Гийена-Барре синдромын қоспағанда, сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезінде орын алған жазатайым жағдай салдарынан болған сал ауруы немесе 3 (үш) ай ішінде екі және одан да көп дене мүшесінің қозғалыс қызметінен толық және тұрақты айырылуына алып келген жұлын аурулары.

253.Ангиопластиканы және/немесе күре тамырдағы басқа қозғалыстарды, лапароскопиялық хирургиялық қозғалыстарды қоспағанда, тәждік ангиография бар болса, екі немесе одан да көп тарылған немесе тығындалған тәждік күре тамырды түзету мақсатында, тәждік күре тамырды ашық мүмкіндікпен, айналма тамырлы ұштастыру әдісімен хирургиялық жолмен емдеу.

52-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНА ЖАТПАЙТЫН ЖАҒДАЙЛАР

254. Егер Сақтандырылушының ауыр сырқаты сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде Сақтандыру қағидасының 102-тармағында келтірілген мән-жайларға, сонымен қатар келесі жағдайлардың нәтижесінде тікелей немесе жанама басталған болса, растаушы құжаттар бар болғанда, Сақтандырушы осы Сақтандыру қағидасының 21-тарауында көрсетілген негіздемелерден басқа, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы:

1) кесіп алғанда немесе жарақаттанғанда туындайтын инфекцияны қоспағанда, бактериялық инфекция;

2) АИТВ-инфекциясы аурулары.

255. Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уақтылы білгені дәлелденбейтін болса не Сақтандырушыда бұл туралы мәліметтердің болмауы оның сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттеріне әсер етпеген болса, Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етілмеуі сақтандыру төлемінен бас тартуға құқық береді. Егер Сақтанушы (Пайда алушы) дәлелді себептермен Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы жоғарыда аталған мерзімдерде хабардар ете алмаған болса, ол уақтылы хабардар етпеуінің себебі туралы жазбаша түсінік беруі тиіс және құжат түрінде, бар болса, растауы тиіс. Бұл ретте, егер Сақтанушының Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеуі немесе уақтылы хабардар етпеуі Сақтанушының еркінен тыс болған себептермен ескертілген болса және аталған деректі растайтын тиісті құжаттар ұсынылған болса, онда мұндай жағдайда Сақтандырушының хабардар етпеуі немесе уақтылы хабардар етпеуі сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға негіздеме болмайды.

Сақтанушының еркінен таыс болған жағдайлар, атап айтқанда: еңсерілмейтін күш жағдайлары, яғни мұндай жағдайларда төтенше және ырық бермейтін жағдайлар (форс-мажор), соның ішінде табиғи апаттар, әскери іс-қимылдар және т.б. хабардар етпеуіне немесе уақтылы хабардар етпеуіне дәлелді себеп болады.

256. Сақтандырушы Сақтандыру қағидасының 51-тарауына сәйкес ауыр сырқатты белгілеуге сәйкес келмейтін кез келген аурулар бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

257. Егер ауыр сырқаттың диагнозы сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңі басталғанға дейін қойылатын болса (диагнозы бірінші рет қойылған), Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

258. Егер ауыр сырқаттың диагнозы сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңі басталған сәттен бастап 3 (үш) ай ішінде қойылатын болса (диагнозы бірінші рет қойылған), Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

259. Сақтандырылушыға сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде диагнозы бірінші рет қойылған ауыр сырқаттың диагнозы қойылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде қайтыс болған жағдайда, Сақтандырылушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

53-тарау. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫНЫҢ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ

260.Сақтандырылушының ауыр сырқаттануы жағдайында сақтандыруға қатысты сақтандыру сомасының мөлшері Полисте көрсетіледі.

261.Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшері аталған қосымша өтем бойынша Сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан 100% құрайды.

262.Ауыр сырқат бойынша сақтандыру сомасы сақтандырудың барлық мерзіміне белгіленеді. Бұл ретте, егер сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде "Сақтандырылушының ауыр сырқаттануы" қосымша талабы бойынша сақтандыру төлемі бар болса, қолданыстағы Сақтандыру шартына қосымша талаптардың енгізілуіне рұқсат етілмейді.

263.Сақтандыру қағидасының 54-Тарауында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Сақтандыру шартының осы қосымша талаптары бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылады.

264.Сақтандырылушыға сақтандыру төлемі Сақтандыру қағидасының 51-Тарауында көрсетілген, диагнозы бірінші рет қойылған ауыр сырқат бойынша ғана жүзеге асырылады. Сақтандырылушыға диагнозы бірінші рет қойылған ауыр сырқат бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін Сақтандырылушының ауыр сырқаттануы жағдайында сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары әрекеті тоқтатылады және қалпына келтірілмеуі тиіс.

265.Сақтандырылушыда екі және одан да көп ауыр сырқат анықталған жағдайда, сақтандыру төлемі анықталған тек бір ауру немесе белгі бойынша жүзеге асырылады.

54-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

266.Сақтандыру шартының әрекеті басталатын күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен ерте болмайтын мерзімде, бұл ретте егер ауру анықталған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн өмір сүрген болса, Сақтандырылушының алғаш рет анықталған ауыр сырқаттануы сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:

- 1) Сақтандыру полисінің көшірмесін;
- 2) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжатты, оның ЖСН;
- 3) Пайда алушының банктік деректемелерін, банк БСН, БСК, ЖСК, ағымдағы немесе карт-шотын;
- 4) сақтандыру жағдайының белгілері, себептері, залал мөлшері бар оқиғаның басталғанын растайтын тиісті құзыретті органдардың құжаттарын (өрт сөндіру қызметтері, құқық қорғау органдары);
- 5) Сақтандырылушы өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде сақтандыру жағдайы басталған кезде – өндірістегі жазатайым жағдай туралы актіні немесе мұндай

актінің нотариаттық куәландырылған көшірмесін;

6) медициналық мекеме берген және дәрігердің қолымен, осы мекеменің мөрімен куәландырылған медициналық картаның (сырқатнама) үзінді көшірмесін;

7) медициналық мекеме берген, медицина саласындағы маманның "ауыр сырқат" диагнозына (сырқатнаманың үзінді көшірмесі, амбулаториялық картаның үзінді көшірмесі, ресми медициналық хаттама, нысан 027-2/у, тиісті мамандандырылған дәрігердің қолы қойылған қорытынды немесе анықтама, дәрігерлік-кеңестік комиссияның, МӘСК анықтама және т.б.) сәйкес келетін білікті қорытындысынан тұратын құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариаттық куәландырылған көшірмелері. Құжаттар берген мекеменің мөрімен куәландырылуы тиіс және онда диагноз туралы мәліметтер, диагнозы қойылған зерттеу нәтижелері, диагноздың бірінші рет қойылған күні, тәждік күре тамырларда операцияларды жүргізу қажеттілігін негіздеу, органдардың ауыстырып қондырылғаны көрсетілуі тиіс.

8) диагнозы қойылған зерттеу нәтижелері:

а) әдістердің жалпы емханалық (ішке енбеген) әдістерінң деректері;

б) биохимиялық зерттеулердің деректері;

в) вирусологиялық зерттеулердің деректері;

г) гематологиялық зерттеулердің деректері;

д) вирусологиялық зерттеулердің деректері;

е) иммунологиялық зерттеулердің деректері;

ж) гистологиялық зерттеулердің деректері;

з) микробиологиялық зерттеулердің деректері;

и) молекулярлық-биологиялық зерттеулердің деректері;

к) химико-токсикологиялық зерттеулердің деректері;

л) генетикалық зерттеулердің деректері;

м) цитологиялық зерттеулердің деректері;

н) сәулелі диагностика деректері (компьютерлік томография, магнитті-резонансты томография, радионуклидтік, ультрадыбыстық, рентгенологиялық диагностика, термография);

о) функциялық диагностика деректері (электр кардиографиясы, өңеш арқылы кардиостимуляция, велоэргометрия, электроэнцефалография, реография, миография, спирография, ангиография, энцефалоскопия және т.б.);

п) эндоскопиялық диагностика деректері (бронхоскопия, фиброгастродуоденоскопия, колоноскопия, цистоскопия, гистероскопия және т.б.);

9) қажет болса Сақтандырушы құқылы қосымша құжаттарды сұратуға құқылы, бұл құжаттарсыз сақтандыру жағдайының басталғанын белгілеуі мүмкін емес, сондай-ақ сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдау үшін қажет құжаттарды сұратуға құқылы;

10) "Ауыр сырқат" диагнозын қою және растау үшін деректер жеткіліксіз болған жағдайда, Сақтандырушы өзі көрсеткен медициналық мекемеде

Сақтандырылушыны қосымша медициналық куәландыруды тағайындауға құқылы.

267.Сақтандырушы өзінің сұратуында көрсетілген күнгі жағдай бойынша Сақтандырылушының толық медициналық диагнозынан тұратын денсаулығы жағдайы туралы анықтаманы, уақытша еңбекке жарамсыздық парағын, берген мекеменің мөрімен куәландырылған сот-медициналық сараптама көшірмелерін сұратуға құқылы. Сақтандырылушы Сақтандырушының сұратуы бойынша Сақтандырылушының денсаулығы жағдайы туралы анықтаманы дәрігерлердің, күтімді жүзеге асыратын тұлғалардың, медициналық мекеменің және уәкілетті мемлекеттік орган қызметкерлерінің беруіне уәкілеттік беруге міндетті.

268.Сақтандырушы құқылы:

- 1) сақтандыру жағдайының басталған мән-жайын және себептерін тексеруге;
- 2) сақтандыру жағдайына қатысты ақпаратқа ие бола алатын үшінші тұлғаларға сұратулар жіберуге;

3) Сақтандырушы тағайындаған, соның ішінде сақтандыру жағдайының жағдайларын, себептерін және салдарын тексеруге тағайындаған дәрігерлердің Сақтандырылушыны қосымша медициналық тексерілуін талап етуге.

269.Сақтандырушы Сақтандыру қағидасының 20-Тарауы 118-тармағында көзделген құжаттарды сұратуға құқылы.

270.Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Сақтанушының (Сақтандырылушының) тапсырмасы бойынша өзге тұлға Сақтандырушының сұратуы бойынша жоғарыда көрсетілген құжаттарды ұсынуға, сондай-ақ сақтандыру жағдайының басталған мән-жайын тергеуде Сақтандырушыға көмек көрсетуге міндетті.

271.Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) алған құжаттарды алған (қабылдаған) күнін көрсете отырып, тезарада тіркеуге міндетті. Сақтандырушы Сақтанушыға (Пайда алушыға) ұсынылған құжаттардың толық тізбесі және олардың қабылданған күні көрсетілген анықтаманы беруге міндетті.

272.Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажет құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сақтанушының (Пайда алушының) мекенжайына сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажет, жетпейтін құжаттар туралы хабарламаны жібереді.

273.Сақтандыру төлемі Сақтанушы (Пайда алушы) көрсеткен банк шотына жүргізіледі. Егер сақтандыру төлемін төлеу немесе аудару Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын болса, төлем немесе аударым шығысы Сақтандырушының есебінен жүзеге асырылады.

274.Сақтандыру төлемі жүзеге асырылған кезде, Сақтандырушы одан Сақтанушының берешегі мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.

275.Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы немесе олардың өкілдері осы Тарауда көрсетілген барлық құжатты ұсынбаған кезде, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы бойынша шешім қабылдауға құқылы.

55-тарау. ПАЙДА АЛУШЫ

276.Сақтандырылушының ауыр сырқаттануы жағдайында сақтандырудың қосымша талаптары бойынша Пайда алушы Сақтандырылушы болып табылады.

10-бөлім. САҚТАНДЫРЫЛУШЫҒА САҚТАНДЫРУ ЖАРНАСЫН ТӨЛЕУДЕН БОСАТЫЛАТЫН МҮГЕДЕКТІК БЕЛГІЛЕНГЕН ЖАҒДАЙДА САҚТАНДЫРУ

56-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

277.Сақтандырылушының мүгедектік жағдайында сақтандыру шартының талаптары бойынша оған келесілердің белгіленуі сақтандыру жағдайы болып табылады:

1) Сақтандыру шартының үздіксіз әрекетінің алғашқы екі жылы ішінде – сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде орын алған жазатайым жағдай нәтижесінде бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік;

2) сақтандырудың үшінші жылынан бастап – сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде орын алған жазатайым жағдай нәтижесінде бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік, сақтандыру төлемдерін төлеуден босатылады.

278.Егер полисте сақтандыру шартына Сақтандырылушыға сақтандыру жарнасын төлеуден, сондай-ақ Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) толық көлемде төлеуінен босатылатын мүгедектік белгіленген жағдайда сақтандырудың кіретіні тікелей көзделгенде ғана Сақтандырылушының сақтандыру жарнасын төлеуден босатылатын еңбекке қабілеттілігінен айырылу жағдайында сақтандыруға қатысты Сақтандыру қағидасының осы Бөліміндегі талаптар әрекет етеді.

279.Мүгедектік тобын анықтау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Белгіленген сақтандыру шартын жасағаннан кейін қабылданған мүгедектікті белгілеу жүзеге асырылатын заңнамаға кез келген өзгертулер мен толықтырулар Сақтандырушының аталған сақтандыру шарты аясындағы жауапкершілігінің ұлғаюына алып келмейді.

280.Сақтандырылушының мүгедектік тобын, оның белгіленген себептерін, мерзімін және уақытын анықтауды Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктерге және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғаларға мүгедектік тобын заңнамалық акті негізінде белгілеуге уәкілеттігі бар мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті мемлекеттік орган) жүргізеді.

281.Сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтанушы сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) Сақтандырылушыға мүгедектік белгіленген сәттен бастап оңалғанға (тоқтатылғанға) дейін төлеуден босатылады.

282.Бұл ретте Сақтандырушы пайдаға қатысатын өмірді аралас (жинақтаушы) сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша ғана сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемелерін орындайды.

283.Егер Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын сақтандырудың барлық кезеңіне біржолғы төлеммен төлеген болса, онда Сақтандырушы Сақтандырылушының мүгедектігі кезеңіндегі сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін ол ұсынған растаушы құжаттарға сәйкес қайтаруды жүргізеді.

284.Егер Сақтандырылушының мүгедектік кезеңі Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша Сақтандырылушы ресми зейнеткерлік жасқа толғаннан кейін жалғасатын болса, онда осы Сақтандыру қағидасының 3-Тарауы 24-тармағына сәйкес сақтандырудың аталған қосымша бағдарламасының талаптары өз әрекетін Сақтандырылушы зейнеткерлік жасқа толған сәттен бастап тоқтатады. Мұндай жағдайда сақтандыру шарты өз әрекетін тоқтатады және Сақтандырушы сатып алу сомасын төлеуді жүзеге асырады. Сақтандыру қағидасының осы Бөлімінде белгіленген сақтандыру жағдайы басталған кезде, Сақтандыру шартында (бар болса) белгіленген қосымша талаптардың әрекеті тоқтатылады.

285.Сақтанушы осы Тарауда көрсетілген талаптар бойынша сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) келесі жағдайларда төлеуден босатылуға құқылы емес:

1) Сақтанушы Сақтандыру қағидасына сәйкес Сақтандырушыға ұсынылуы тиіс сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, Сақтандырылушының денсаулығы жағдайы, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрнекі жалған мәліметтерді Сақтандырушыға хабарлағанда;

2) Сақтанушы сақтандыру жағдайы басталған мән-жайды тергеуде Сақтандырушыға кедергі келтіргенде;

3) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 835-бабында белгіленген талаптарда осы Сақтандыру қағидасында белгіленген мерзімде хабардар етпегенде.

286.Сақтандыру қағидасының осы Тарауында көрсетілген сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін сақтандыру өтемдерін Сақтандыру полисіне кіргізуге/алып тастауға қатысты қандай да бір өзгерістер енгізілмейді.

57-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНА ЖАТПАЙТЫН ЖАҒДАЙЛАР

287.Егер Сақтандырылушының мүгедектігі сақтандыру арқылы қорғау әрекеті кезеңінде Сақтандыру қағидасының 102-тармағында келтірілген мән-жайларға, сонымен қатар келесі жағдайлардың нәтижесінде тікелей немесе жанама басталған болса, растаушы құжаттар бар болғанда, Сақтандырушы осы Сақтандыру қағидасының 21-тарауында көрсетілген негіздемелерден басқа, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы:

1) кесіп алғанда немесе жарақаттанғанда туындайтын инфекцияны қоспағанда, бактериялық инфекция;

2) жазатайым жағдай нәтижесінде туындаған ауруларды қоспағанда, бұл ретте, егер мұндай жазатайым жағдайы сақтандыру арқылы қорғау кезеңінде басталған кезде ғана, кез келген аурумен;

3) өзін-өзі өлтіру әрекеті.

58-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ (ПАЙДА АЛУШЫНЫҢ) ӘРЕКЕТТЕРІ

288.Сақтандыру қағидасының 20-Тарауында көрсетілген талаптардан басқа, Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Сақтанушының (Сақтандырылушының) тапсырмасы бойынша өзге тұлға Сақтандырушының сұратуы бойынша Сақтандыру қағидасының 59-Тарауында көрсетілген құжаттарды ұсынуға, сондай-ақ сақтандыру жағдайының басталған мән-жайын тергеуде Сақтандырушыға көмек көрсетуге міндетті.

289.Сақтандырушы Сақтанушының сақтандыру жарнасын төлеуден босату құқықтарын белгілегенге дейін Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жарнасын төлеуді жалғастыруға міндетті.

290.Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін құқылы:

1) сақтандыру жағдайының басталған мән-жайын тексеруге;

2) Сақтандырылушының денсаулығы жағдайы және уәкілетті мемлекеттік органның қайта куәландыруы нәтижелері туралы анықтаманы кез келген уақытта талап етуге;

3) Сақтандырушы тағайындаған, соның ішінде мемлекеттік уәкілетті орган белгілеген мүгедектікті тексеру үшін тағайындаған дәрігерлердің Сақтандырылушыға жылына бір реттен артық болмайтын қосымша медициналық тексеруді Сақтандырушы есебінен өткізуге (егер Сақтандырылушы Қазақстан Республикасынан тыс жерде болған болса, көлік шығысын қоспағанда);

4) медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясы қызметкерлерінің негізделмеген қорытындысына және/немесе мемлекеттік уәкілетті орган қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте мүгедектік туралы құжаттарды заңсыз бергеніне шағым беруге.

291.Сақтандырушы Сақтандыру қағидасының 59-Тарауында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Сақтанушының сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жарнасын төлемеу құқығын тануға не мұндай құқықты танудан жазбаша себептемелі бас тартуды ұсынуға міндетті.

292.Сақтандырушы Сақтанушының сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жарнасын төлемеу құқығын танығаннан кейін Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталғаннан кейінгі кезеңде төленген сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жарнасын қайтаруға міндетті.

293.Бұл ретте Сақтандырылушының бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі (мүгедектікті оңалту) тоқтатылған сәттен бастап Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жарнасын төлеуді қалпына келтіруге міндетті.

59-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

294.Сақтандыру жағдайының басталғанын растау үшін, Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:

1) Сақтандыру полисінің көшірмесін;

- 2) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжатты, оның ЖСН;
 - 3) Пайда алушының банктік деректемелерін, алушы банктің атауы, банк БСН, БСК, ЖСК, ағымдағы немесе карт-шотын;
 - 4) сақтандыру жағдайының белгілері, себептері бар оқиғаның басталғанын растайтын тиісті құзыретті органдардың құжаттарын (өрт сөндіру қызметтері, құқық қорғау органдары);
 - 5) Сақтандырылушы өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде сақтандыру жағдайы басталған кезде – еңбек қызметімен байланысты жазатайым жағдай туралы актіні немесе мұндай актінің нотариаттық куәландырылған көшірмесін;
 - 6) Сақтандырылушының еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеу туралы уәкілетті мемлекеттік орган анықтамасының нотариаттық куәландырылған көшірмесін;
 - 7) Сақтандырылушының мүгедектігі туралы уәкілетті мемлекеттік орган анықтамасының нотариаттық куәландырылған көшірмесін;
 - 8) Сақтандырылушының куәландыру актісінің және медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясы сараптама қорытындысының нотариаттық куәландырылған көшірмесін;
 - 9) медициналық мекеме берген Сақтандырылушының медициналық картасының үзінді көшірмесінің бірінші басшының қолымен және медициналық мекеменің мөрімен куәландырылған көшірмесін;
 - 10) уақытша еңбекке жарамсыздық парақшаларының көшірмелерін.
- 295.Сақтандырушы Сақтандыру қағидасының 20-Тарауы 118-тармағында көзделген құжаттарды сұратуға құқылы.
- 296.Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Сақтанушының (Сақтандырылушының) тапсырмасы бойынша өзге тұлға Сақтандырушының сұратуы бойынша жоғарыда көрсетілген құжаттарды ұсынуға, сондай-ақ сақтандыру жағдайының басталған мән-жайларын тергеуде Сақтандырушыға көмек көрсетуге міндетті.
- 297.Сақтандырылушы Сақтандырушының сұратуы бойынша Сақтандырылушының денсаулығы жағдайы туралы анықтаманы дәрігерлердің, күтімді жүзеге асыратын тұлғалардың, медициналық мекеменің және уәкілетті мемлекеттік орган қызметкерлерінің беруіне уәкілеттік беруге міндетті.
- 298.Сақтандырылушы мүгедектікті емдеуді және оңалтуды болдыру мақсатында тексеруші және емдеуді дәрігерлердің нұсқауларын орындауға міндетті.
- 299.Сақтандырушы осы Тараудың 294-тармағында көрсетілген құжаттарды алғанға дейін Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жарнасын төлеуді жалғастыруға міндетті.
- 300.Сақтандырушы осы Тарауда көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде Сақтанушының сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жарнасын төлемеу құқығын тануға не мұндай құқықты танудан жазбаша себептемелі бас тартуды ұсынуға міндетті.

60-тарау. САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫҢ ЗЕЙНЕТКЕРЛІК ЖАСҚА ТОЛУЫ ЖӘНЕ МҮГЕДЕКТІГІНЕН ОҢАЛТУ

301.Егер Сақтандырылушыға бірінші немесе екінші топтағы мүгедектіктің белгіленуі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген зейнеткерлік жасқа толғанға дейін басталған болса, Сақтандырылушының жасы зейнеткерлік жастан асатын кезеңді қоспағанда, Сақтанушы еңбекке қабілеттіліктен айырылатын барлық кезеңге келетін сақтандыру жарнасын төлемеуге құқылы.

302.Егер Сақтандырылушыға мүгедектіктің белгіленуі аталған Сақтандырылушы зейнеткерлік жасқа толған сәтке дейін жалғасатын болса, онда Сақтандырушы Сақтанушының таңдауы бойынша сатып алу сомасын төлеуді жүзеге асыруға немесе Сақтандыру қағидасының 14-Тарауы 72-тармағының 2) тармақшасында белгіленген тәртіпте полисті қайта ресімдеуге құқылы.

303.Сақтандырылушының бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі (мүгедектікті оңалту) тоқтатылған сәттен бастап Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жарнасын төлеуді қалпына келтіруге міндетті.

11-бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ

61-тарау. САҚТАНУШЫНЫҢ ОРНАЛАСҚАН НЕМЕСЕ ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРІНІҢ ӨЗГЕРУІ

304.Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру өтінішінде көрсетілген орналасқан немесе тұрғылықты жерінің мекенжайына хабарлама жібереді.

305.Орналасқан немесе тұрғылықты жері өзгерген кезде, Сақтанушы Сақтандырушыға он күндік мерзімде мекенжайын хабарлауға міндетті. Басқалай жағдайда, тараптар алдыңғы орналасқан немесе тұрғылықты жерінің мекенжайына жіберілген хабарламаны орындаған (жарамды) болып есептеледі.

306.Егер Сақтанушының орналасқан немесе тұрғылықты жерінің мекенжайы Қазақстан Республикасынан тыс болса, онда Сақтанушы Қазақстан Республикасында сенім білдірілген, Сақтанушыға хат-хабарлардың жеткізілуіне жауапты тұлғаны Сақтандырушыға көрсетуге міндетті.

62-тарау. ҚОСЫМША ТАЛАПТАР

307.Кез келген сақтандыру шартына қатысты хабарлама, өтініш, ескерту, түсіндіру жазбаша үлгіде оларды жөнелтуді растауға мүмкін болатын тәсілмен орындалуы тиіс. Сақтанушыда тіркелген парақшасы бар болған жағдайда, сақтандыру шартына байланысты хабарламаларды және басқа хаттарды интернет-ресурстағы жеке кабинет арқылы жіберуге рұқсат беріледі.

308.Тараптар Сақтандыру қағидасына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру шартының талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауап береді.

309.Тараптар арасындағы сақтандыру шартында реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

310.Сақтанушы полисті немесе полистің қосымшасын жоғалтқан кезде, Сақтандырушыны ескертуі және полистің телнұсқасын немесе полистің қосымшасын алуға өтініш жазуы тиіс.. Сақтандырушы тиісті телнұсқаны бергеннен кейін жоғалған полис немесе полистің қосымшасы жарамсыз болып есептеледі.

311.Егер Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруі нәтижесінде Сақтандыру қағидасының жекелеген ережесі Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін болса, бұл ереже Сақтандыру қағидасына тиісті өзгертулерсіз автоматты түрде күшін жоғалтады. Егер Сақтандыру қағидасының ережесінің бірі жарамсыз болса, бұл қалған ережені қозғамайды. Жарамсыз ереже тиісті қатынасқа заңды түрде жол берілетін және реттелетін ережемен ауыстырылады.

312.Қазақстан Республикасының аумағында жарияланған шектеулер, оның ішінде карантин және (немесе) төтенше жағдай кезеңінде Сақтандыру шартын жасауға Сақтанушы (сондай-ақ қажет болған жағдайда Сақтандырылған тұлға) қол қойған сканерленген көшірмесі (фото) негізінде жол беріледі. Сақтанушы жоғарыда көрсетілген тәсілмен берген сақтандыруға арналған өтінішті Сақтандырушы Сақтанушы сақтандыру сыйақысын (бірінші сақтандыру жарнасын) төлеген жағдайда түпнұсқа деп қабылдайды. Сақтандыруға арналған осындай өтініш негізінде шығарылған полистің сканерленген көшірмесі сақтанушыға ол көрсеткен электрондық мекен-жайға, кейіннен оның түпнұсқасын сақтанушыға ұсына отырып жібереді.

313.Сақтандыру шартын жасаған Тараптар арасындағы барлық даулар келіссөздер арқылы шешілетін болады. Егер осындай даулар келіссөздер арқылы шешілмеген болса, олар Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жауапкердің орналасқан мекенжай бойынша сот тәртібінде шешілетін болады (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.).

314.Өтініш берушінің қалауы бойынша сақтандыру төлемін төлеу қажеттілігі туралы талап, сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса тіркеу арқылы электрондық форматта, электрондық көшірмелер немесе электрондық құжаттар түрінде алдын ала жіберілуі мүмкін. Бұл ретте электрондық нысандағы сақтандыру төлемі жайлы талап, өтініш берушіні Сақтандырушының тұратын жері бойынша Сақтандырушыға қажетті құжаттарды беруден босатпайды.

315.Сақтанушы мен Сақтандырушының келісімі бойынша сақтандыру ережелерінің бөлек талаптарын, сонымен қатар Сақтандыру шартын жасасу барысында айқындалатын және Сақтандыру полисінде қамтып көрсетілген қосымша талаптарды алып тастайтын, өзгертулерді енгізуді қарастыратын сақтандыру шарттары жасалуы мүмкін.

316.Осы Сақтандыру қағидасы қазақ және орыс тілдерінде әзірленді. Сақтандыру қағидасының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің айырмашылығы бар болған жағдайда, басымдық Сақтандыру қағидасының орыс тіліндегі мәтініне беріледі.